АСҚАҚТАЙ БЕР, АЗАТ ЕЛ!

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 80 (3907)
23 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНГІЗУ КЕРЕК

Іргелі зерттеулерге бес жылдық грант беру туралы заңнамалық мүмкіндік бар. Бірақ практикада негізгі ғылыми жобалардың мерзімі әлі де үш жылмен шектеліп келеді. «Әділет» партиясы фракциясының депутаты Лаура Қарабасова осы мәселені Үкімет алдына қойып, 2027 жылдан бастап іргелі ғылымға арналған 60 айлық гранттық қаржыландыру моделін енгізуді ұсынды.



(Жалғасы 3-бетте)

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСТАУ АЛҒАН КҮН

Баршамыз Тәуелсіз Қазақстанның жаңа, жарқын беттері қалыптаса бастаған таңғажайып дәуіріне куә болып отырмыз. Бір елдің тарихы, әрине, ешқашан бір сәтте, бір күн, бір апта, айлар аралығында құрала қоймасы анық. Дегенмен, ғасырға татитын салмақты оқиғалар, жарқын күндер тарихқа өз таңбасын айқындап, жазып жататынын тағы жоққа шығара алмаймыз. Міне, 25 қазан Республика күнін осындай елдік тарихымыздағы айрықша таңбаланып, даралынар күн деп атаймыз.

25 қазанның Республика күні болып таңдалуы кездейсоқ емес. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қадамына көз жүгіртсек, сонау 1990 жылдың нақ осы күні Жоғарғы Кеңестің жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі жарияланып, сонымен қоса, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізі қаланды. Осылайша, Қазақстанның ең алғашқы құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы Декларациясы қабылданды.

Тарихи жаңғырық

Бұл Декларацияда егеменді елдің негізгі қағидаттары ретінде: біртұтас мемлекеттік аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі және сырт жұрттар тарапынан қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті өрістету және нығайту белгіленген. Демек, Республика күні болып белгіленген бұл күн – барша жақсылығымыздың бастауы, жолашары. Өйткені, біз «тәуелсіздік» деген қасиетті ұғымды осы құжат арқылы бойымызға сіңірдік, құлағымызды үйреттік. Нақ осы, «тәуелсіздік» ұғымы бізді жарық дүниеге басқаша көзқараспен көз салуға шақырды, біз кіммен, қандай елмен болса да иық теңестірер деңгейге жеттік, еркін ел ретінде еңсемізді тіктедік.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

Бір кездері баланың бос уақыты ауладағы ойынмен, достарымен арасып, кітап оқумен өтетін. Қазір ойынның да, қарым-қатынастың да, көңіл көтерудің де бір бөлігі телефон экранына көшті. Смартфон балалардың күнделікті өміріндегі үйреншікті құралға айналды. Тіпті мектеп жасына жетпеген бүлдіршіннің өзі бейнежазбаны қосып, келесі бейнекөріністі таңдай алады.

БАЛАНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫН ҰРЛАҒАН КІМ?

Бір қарағанда, мұның еш әбестігі жоқ. Технология дамыған сайын оны қолданатындардың жасы да кішірейіп келеді. Алайда осы өзгеріспен бірге ата-аналар мен қоғам алдында маңызды сұрақ туындады: цифрлық әлем баланың дамуына қаншалықты көмектесіп, қай кезде оның қалыпты өміріне кедергі келтіре бастайды? Экранның ар жағындағы әлем оның көңіл-күйіне, мінез-құлқына, оқуына және айналасындағы адамдармен қарым-қатынасына қалай әсер етіп жатыр?

Интернетпен таныстық бес жастан басталады

Қазақстандағы балалардың цифрлық өміріне қатысты нақты мәліметтерді БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен «Kazakhstan Kids Online» зерттеуінен көруге болады. 2023 жылы жүргізілген зерттеу аясында еліміздің барлық өңірінен балалар, ата-аналар мен мұғалімдер сауалнамаға қатысқан. Нәтижесінде балалардың 46 пайызы интернетті алғаш рет 5-8 жас аралығында пайдалана бастағаны анықталды. Бұл көрсеткіш баланың цифрлық әлеммен танысуы мектепке бармай тұрып-ақ басталатынын аңғартады. Тағы бір назар аударарлық дерек бар. Зерттеуге сәйкес, 9-10 жастағы балалардың 60 пайызында, ал 11-12 жастағылардың 66 пайызында әлеуметтік желілерде немесе ойын платформаларында жеке аккаунт болған. Көптеген танымал платформада 13 жасқа толмағандардың өз бетінше аккаунт ашуына шектеу қойылғанын ескерсек, бұл көрсеткіш балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қаншалықты күрделі мәселеге айналғанын көрсетеді. Дегенмен, интернетті ерте пайдалану баланың міндетті түрде тәуелділікке ұшырайтынын білдірмейді. Бала смартфон арқылы сабақ оқуы, жаңа тіл үйренуі немесе шығармашылық қабілетін дамытуы мүмкін. Ең бастысы, цифрлық орта оның күнделікті өміріндегі басқа маңызды әрекеттерді ығыстырып шығармауы керек.

Телефонды тартып алумен түйткіл шешілмейді

Цифрлық құрылғылардың бала өміріне ықпалы туралы айтылғанда, ең алдымен оның оқу үлгеріміне әсері сөз болады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының PISA–2022 халықаралық зерттеуіне сәйкес, Қазақстандағы 15 жастағы оқушылардың 23 пайызы математика сабағының көбінде немесе барлығында цифрлық құрылғыларды пайдалану салдарынан зейіні бөлінетінін айтқан. Ал 21 пайызы басқа оқушылардың құрылғыларды қолдануы сабаққа көңіл бөлуге кедергі келтіреді дейді.

Баланың сабаққа қызығушылығының төмендеуіне көптеген фактор әсер етуі мүмкін. Олардың қатарында ұйқының жеткіліксіздігі, эмоциялық қиындықтар, мектептегі жағдай, отбасындағы қарым-қатынас және оқу жүктемесі бар. Сондықтан мектеп оқушысының зейіні нашарласа немесе оқу үлгерімі төмендесе, оның себебін тек смартфоннан іздеу дұрыс емес.

(Жалғасы 6-бетте)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕЛДІК МҰРАТ – БІРЛІК ПЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Тәуелсіздік – ұлттың ұлы мұраты, мемлекеттіліктің алтын діңгегі. Азаттықтың ақ таңын атырған тарихи жолымызды таразылап, елдігіміздің тұғырын бекемдейтін құндылықтарды ұлықтау бүгінгі ұрпаққа аманат әрі қоғамға ортақ парыз десек артық айтпаспыз. Республика күні қарсаңында Астана төріндегі Достық үйінде осы ұлағатты ұстанымды арқау еткен «Тарих. Тағылым. Мемлекеттілік: Қазақстанның даму жолы» атты дөңгелек үстел өтті.

Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» мекемесі ұйымдастырған алқалы жиынға Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің өкілдері, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, ғалымдар, этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысып, елдік мұрат, тарихи сабақтастық, қоғамдық келісім мен Қазақстанның даму бағдары төңірегінде толғамды ой қозғады.

Елдік мүдде мен еркіндіктің түпқазығы Егемендік жайлы сөз қозғағанда айтылар сөздің де салмағы ауыр. Елордадағы Достық үйінде бас қосқан құзырлы тұлғалар мен қоғам өкілдері ел аманатына қатысты атан түйеге жүк боларлық өзекті мәселелерді ортаға салды. Атап айтқанда, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихын таразылау, Республика күнінің тарихи мәнін тереңірек пайымдау, конституциялық құндылықтарды орнықтыру, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жайы жиынның негізгі өзегіне айналды. Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдеу, елдің ертеңіне бағыт-бағдар айқындау секілді салмағы бөлек тақырыптар төңірегінде өрбіген әңгіме тарихи тағылым мен бүгінгі жауапкершілікті сабақтастырып, ортақ мұрат жолында ой тоғыстырды.

Мерекелік басқосу Достық үйінің фойесінде халық аспаптар ансамблінің ұлттық нақыштағы әуенімен басталды. Күмбірлеген күй мен сырлы саз халқымыздың рухани мұрасын ұлықтай түсті. Артынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалып, елдік рух пен тәуелсіздікке тағзым салтанатты сәтпен сабақтасты. Жиынды жүргізген Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Бақытжан Жүнісбеков кіріспе сөзінде Республика күнінің тарихи маңызына ерекше тоқталды.

Шынында да, 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация азаттыққа бастар жолдағы тарихи белес, дербес мемлекет болуға деген ұмтылыстың саяси-құқықтық негізін қалаған басты құжат. Сол күн ел тарихындағы жаңа кезеңнің бетін айқара ашып, тәуелсіздік мұратына жол салғаны ақиқат. Республика күні – өткенге тағзым етіп қана қоймай, бүгінгі елдіктің бағасын бағамдайтын, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіндіретін мереке. Егемендіктің еңсесін тіктеп, мемлекеттіліктің тұғырын бекемдеу бір күндік міндет емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлы аманат, – деп атап өтті Бақытжан Жүнісбеков.

Елдіктің өзегі – бірлік, мемлекеттің тірегі – жауапкершілік

Дөңгелек үстелдің өзегіне айналған мәселелердің салмағы да, мәні де айрықша. Қатысушылар Қазақстанның даму бағдары, конституциялық құндылықтар, заң үстемдігі, мемлекеттік институттардың орны мен қоғамдық келісімді нығайту сияқты күн тәртібінде тұрған келелі мәселелер жайлы ойларын ортаға салды.

(Жалғасы 3-бетте)

№ 80 (3907)
23 қазан 2026 жыл
zangazet@mail.ru

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСТАУ АЛҒАН КҮН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл біздің ғана емес, қаншама буын ұрпақтың көксеген арманы болатын. Тәуелсіздікпен бірге ұлы Ата жұртымыздың тарихы жаңғырды. Ел Конституциясы – Ата Заң аталып, ұлы заңтанушы ғұлама ғалым, академик Салық Зиманов осындай ұлы мұрат тұрғысынан «Қазақтың Ата Заңдары» атты он томдық энциклопедиялық еңбегін жарыққа шығарды. Ғұлама осы еңбегі арқылы империялық дәуірде танылмай келген қазақтың Ата Заңдарын жаңа заманға сай жаңғыртып, тірілтті. Академик Салық Зиманұлы барша дүниеге, халқымыздың Ата Заңдары ежелден қалыптасып, өмір сүріп келгендігін, тарихи негізділікпен, аса кең, ауқымды аяда қарастырып, жүйелеп, жарқырата дәлелдеп берді.

Әрине, қазақтың байырғы заң жарғылары туралы, оған атсалысқан би-шешендеріміз туралы ілгері уақыттарда да ірілі-ұсақты еңбектер жарияланды. Бірақ осыншалық кең ауқымда, энциклопедиялық масштабта, түбегейлі бір жүйеге түсірілгені осы.

Өткенін ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр

«Өткенін ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр» деген екен халықтың көрнекті перзентінің бірі, ақын Олжас Сүлейменов. Ақиқатына жүгінсек, біз кешегі алмағайып заманда тарихи түп-тамырынан ажырап қалуға сәлақ қалған, ұлттық бет-бағдарымызды, өзіндік бітім-болмысымызды жоғалтып ала жаздаған жұрт едік. Өткен тарихымызда қандай ауыртпалықты бастан кешсек те, мұны жас ұрпақ білуге тиіс, тіпті, міндетті. Бұл туралы Ел басшысы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген еңбегінде тамаша талдап-таразылап, жеріне жеткізе атап өткен болатын.

Президенттің «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» дей келіп, тәуелсіздіктің бізге несімен қымбаттығын алақанға салғандай айқындап бергендігін айту парыз. Осы мақалада Тәуелсіз еліміз үшін ең басты үш құндылық туралы: «Егемендігіміздің мәңгілік үш тағаны Алтайдан – Атырауға, Алатаудан – Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттай ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен, немесе, 1936 жылмен өлшенбейді...» дегені де баршаға ой салғаны анық.

«Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тіліміздің, діліміз бен дінімізден айрылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрлеріміздің ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден-бір кепілі» деуі де өзекті.

Мемлекеттілігіміздің ең басты ұстанымы деп жас ұрпақ мәселесін атайтын болсақ, Президентіміз дәл осы бағытта үлкен алаңдаушылық білдіріп, біздің кезеңімізде, жаһандану саясаты белең ала бастаған дәуірде тууы мүмкін қауіптен қатты сақтандырып отыр. / «Тәуелсіздік бәрінен қымбат». Қ.К.Тоқаев. «Егемен Қазақстан», 6 қаңтар. 2021 жыл./

Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Аталмыш мақаласында Тәуелсіздігіміздің құндылығын тарих арналарымен ұштастырған Президент ешбір тарихи оқиғаның ел тарапынан ескерусіз қалмайтынына сендіреді: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс».



«Әділетті Қазақстан» - бір жағынан мемлекеттік идеологияның өзегі әрі мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты. Сонымен бірге, бұл - қоғам санасына орныққан болашақтың бет-бейнесі. Шын мәнінде, «Әділетті Қазақстан» идеясы аяқасты пайда болған жоқ. Қ.Ж.Тоқаев елдің билігін қолына алғаннан бастап әділдіктің қастерлі қағидасына айрықша мән берді.

Біздіңше, Президентіміздің осыдан бес жылдай бұрын жарияланған бұл мақаласының құндылығы мен маңыздылығы біздің әрқайсысымызға Тәуелсіздігіміздің қадірі мен қасиетін безбенге салғандай өлшеп, әбден иін қандыра таразылап, жадымызға шегелеп, кеудемізге тоқып, ұялатып беруінде. Мұнда Президентіміздің парасат-пайым деңгейінің биіктігі, сұңғыла саясаткерлігі әрі дипломатиялық шеберлігі мен біліктілігі, ел жағдайы мен әлемдік, халықаралық жағдайларды салыстыра сараптап, салмақтап отыратын зерделілігі тоғысып жатқандай. Және ең бастысы айтылған сөз сөз күйінде қалмай келе жатқанына, Президентіміздің Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында жанын сала еңбек етіп, барша білімі мен қажыр-қайратын, біліктілігі мен қарым-қабілетін жұмсап келе жатқанына куәгер болып отырмыз.

Бұрынғы күнмен өмір сүруге болмайды

Ел бағына тәуелсіздік таңы атып, тарихымыз жаңғыруда, халқымыздың байырғы салт-дәстүрі өзгеше бояуын тауып, тың қарқынмен жаңару үстінде. Сондықтан, ел басшысы қайталай еске салып отырғанындай бұрынғы күнмен өмір сүруге болмайды. Ел тәуелсіздігімен қоса, оның терең тарихының жаңғыруы мемлекетіміздегі жаңаша өзгерістердің, тың серпілістердің бастамасы болғандай. Міне, Президенттің ұстанып отырған саясатынан біз мұны айқын аңдап келеміз.

Ұзақ жылдар әлемдік, халықаралық жоғары деңгейдегі қызметтерде шыңдалған мәмілегер-дипломат, білікті саясаткер Қасым-Жомарт Кемелұлы ел тізгінін қолына алған күндерден бастап халықтың өткені мен бүгінін сараптап, салмақтады, өзінің мемлекеттік тұғырнамасында сәтті тоғыстыра білді. Мұны біз ел басшысының әр қадамынан, биік мінберлерде сөйлеген сөздерінен, жыл сайынғы дәстүрлі жолдауларынан аңдап отырмыз. Және Президент сол айтылғандардың сөз жүзінде қалмауын қатты қадағалап отырғанына куәміз.

Ел өміріне жаңашыл реформаларды батыл енгізіп келе жатқан Мемлекет басшысы тарих қойнауына терең бойлап, оны жаңа заманға сай қолдана білуден, жаңғырта пайдаланудан ешқашан бас тартқан емес. Мысалы, сонау көне дәуірлерде қалыптасқан, тамырын тереңнен тартатын «құрылтай» терминінің мемлекеттік аяда қолданысқа енгізілуін біз аса көреген шешім деп бағалар едік. Қалай болғанда да, жаңашылдық дегеніміздің өзі ішкі-сыртқы саясатымыздың атауесіммен бірге жаңғырып, көз тартып, көрініс тауып жатқаны бір ғанибет болмай ма? Жақсы іс атауымен-ақ елді елең еткізіп, менмұндалап, мәні мен маңызын арттырып тұр. Осыны Президент 2022 жылы 16 маусымда өткізілген тұңғыш құрылтай отырысында, арғы-бергі тарихымыздағы құрылтай шақырудың маңызына тоқтала отырып, дәйекті түрде халқымызға түсіндіріп берді: «Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз Атамекенге шақырылды. Ұлы көш тәуелсіз Қазақстанға бет алды. Қазақ құрылтайларының бәрі ел дамуына өзгеріс әкелген. «Кеңесші ел кемдік көрмейді» деген нақыл сөз содан қалса керек. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғыртық...».

Кеңесші ел кемдік көрмейді

Міне, Президентіміздің «құрылтай» ұғымының ауқымын кеңейткен осы сөздеріне қаншама ел тарихы сыйғызылып, мәні мен мазмұны айқындалып тұрғанына көзіміз жете түскендей. Тарихтың жолдары ешқашан тақтайдай тегіс, сымға тартқандай біркелкі түзу болмайды. Мәселе – сол кездескен ауыртпалықтарға қарсы тұра білу, қолдан келгенше болдырмаудың амалын жасау. Президент сөзінен, іс-әрекетінен осыны аңғарып отырмыз. Бүгінгі Құрылтай құрудың мәні мен мақсаты да осында болмақ.

Мұның сыртында, «құрылтай» сөзі қазаққа тіпті жат емес, етене сөз. Түбірі «құр», «құрылу», «құрау» деген сөзден шыққандығын түсіндіріп жату артық. Қай тарихымызды қотарсақ та бұл сөз жиі кездеседі. Қиын-қыстау дәуірде ата-бабалар тарихын жоқтап, зарлы үнін төккен Мағжан ақынның ел шежіресі іспетті «Түркістан» жырында:

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің құрылтайын... –

деп жырласа, бұл жолдарда ата-бабамыздың аңсаған арман-тілегі, көксеген мұрат-мүддесі тұнып тұрған жоқ па?!

Осы тұрғыдан Президентіміз Қызылордада өткен Құрылтайдың бесінші форумында «құрылтай» ұғымын ел санасына бекіте түсіп: «...Қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар», – дей келе, ой арнасын «құрылтай» атауына бағыттап: «Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын», – деген-ді.

Әділетті Қазақстан – қоғамның идеологиялық темірқазығы

Дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстанның идеологиялық тұғырнамасын Мемлекет басшысы 2024 жылы наурыз айында Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында айқындап берді. «Әділдік» деген ауқымды ұғым осы идеологияның арқауына, ал «Әділетті Қазақстан» деген түсінік мемлекет бағдарламасының басты идеологемасына айналды.

«Әділетті Қазақстан» – бір жағынан мемлекеттік идеологияның өзегі әрі мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты. Сонымен бірге, бұл – қоғам санасына орныққан болашақтың бет-бейнесі. Шын мәнінде, «Әділетті Қазақстан» идеясы аяқасты пайда болған жоқ. Қ.Ж.Тоқаев елдің билігін қолына алғаннан бастап әділдіктің қастерлі қағидасына айрықша мән берді. Өзінің президенттік лауазымына кіріскендегі алғашқы сөзінде: «Елдің даму жолындағы осы маңызды мезетте бүкіл қоғам болып өркендеген, демократиялық Әділетті Қазақстанды құру идеясының төңірегіне топтасуы керек» – дегені әлі есімізде. Бұдан кейін 2019 және 2022 жылы өткен Президент сайлауы кезінде Мемлекет басшысы «Әділдік» ұғымын сайлауалды тұғырнамасына негіз етіп алып, өз саясатының басты қағидаты ретінде ұстанып келеді. Әділетті мемлекет құру идеясы қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін мемлекеттік саясаттың ғана емес, бүкіл қоғамның идеологиялық темірқазығына айналды.

Ел Президентінің көрегенді ұстанымын жыл сайынғы жолдау тақырыптарынан-ақ аңдауға болады. Қ.Ж. Тоқаев өзінің президенттік лауазымына кіріскеннен бастап, ең алғашқы халыққа арнаған Жолдауы 2019 жылы 2 қыркүйекте «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген тақырыппен жарияланды. Міне, содан бері әр жылғы жолдаулары Президентіміздің жүргізіп келе жатқан саясатының тұрақтылығына, оның саликалы басшылық шешімдер қабылдай білуіне, әрі жүйелі де тұрақты бағдарламалық ұстанымдарына кепіл болды.

Бағдарымыз айқын

Біз бұл жолдаулардың тақырыптық мәні мен мазмұны, алға қойған бағыт-бағдары арқылы мемлекет тағдыры сенімді қолда екендігіне көзімізді жеткізе түсеміз, әрі болашаққа үлкен үміт арта аламыз. Тақырыптарынан аңдап отырғанымыздай, Президент біздің қоғамымызда орын алып отырған ең ауқымды, ең маңызды, ең күрделі мәселелерді жолдауларына өзек етіп, оны шешудің нақты жолдарын ұсынады. Демек, елдің стратегиялық даму бағыты айқын, бұған күмданатындай еш ретіміз жоқ.

Қазір ұзынсонар баяндама мен қайталанып шақырылып, мезі ететін мәжілістердің емес, жоспарлы, жүйелі іс-әрекеттер талап етуші қоғам қалыптасқан кезең. Болашақ жастарымыз да осы бағытта тәрбиеленіп, өсіп-өркендеп келеді. Осы орайда, біз Президент жолдаулары мен шешімдерінен сөз бен істің бірлігін, орайласып, қисындасуын айқын танып отырмыз.

Соңғы жылдары мемлекеттік деңгейдегі шешімдер Президент бастамасымен әділеттілік идеясына сәйкес қабылдануда. Атай кетсек, 2022 жылы жүргізілген көнституциялық реформа аясында халықтың жерге және оның қойнауындағы байлыққа, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, сондай-ақ басқа да табиғи ресурстарға қатысты меншік құқығы Ата Заңымызда бекітілді. Бұл қағидат іс жүзінде «Ұлттық қор – балаларға» атты бағдарлама арқылы жүзеге асырылды. Соған сәйкес бұдан былай Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балаларға арналған жинақтаушы есепшоттарға тең бөліп аударылады. Демек, мемлекетіміз ел болашағы – жас ұрпақты қамқорлыққа алуды басты мүдде етіп отыр.

Сондай-ақ, әділдік қағидатының жүзеге асырылып жатқанына мысал ретінде кезінде заңсыз жолмен алынған 1 трлн теңгеден асатын активтің елге қайтарылғанын, пайдаланылмай келген 5 млн гектардан астам жердің мелекет меншігіне өткенін, сонымен бірге, «Қазақстан халқына» және «Самұрық-Қазына» қорының таза табысының кемінде 7 пайызы жыл сайын осы қордың есепшотына аударыла бастағанын атап өту орынды.

Мемлекет басшысы жалпыұлттық құндылықтардың ортақ тұжырымдамасын жасады, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін идеологиялық бағыт-бағдарымыздың бірыңғай жүйесін құрастырды. Осы идеологиялық-гуманитарлық тұғырнама ішкі саясаттағы білім мен тәрбие беру, мәдени-ағарту жұмыстарының басты бағытына айналуға тиіс.

Бірлігі мықты елдің бағындырар биігі көп

Жоғарыда Президенттің ел тарихына, салт-дәстүріне құрметпен қарап, ұлттық ұғым-түсініктерге көбірек арқа сүйейтіні туралы айттық. Оларды ел саясатына бейімдеп қолдана білуі үлкен ұлағаттылық деп пайымдаймыз. Мысалы, мемлекет пен халық мүддесіне, меншігіне келгенде адалдықтың сақталуы тұрғысынан: «Қазақта «Ала жіпті аттамау» деген ұғым бар. Біздің саясатымыз мұны берік ұстануы керек. Мемлекет елдің ынтымағын бұзып, шаңырағын шайқалтқысы келетін кез келген әрекетке заң арқылы қатаң тосқауыл қояды. «Шектен шығуға жол жоқ» деген қағида әрдайым басшылыққа алынады. Біз дін бостандығын қолдаймыз, алайда, соқыр сенім мен надандыққа қарсымыз. Біз либерализмді қолдаймыз, алайда, жүгенсіздік пен нигилизмге қарсымыз» деп ой түйеді.

Ешқашан дүние бірқалыпта, өзгеріссіз қала алмайды. Әр заман, әр кезең өз талабын ұсынатыны анық. Президентіміздің тәуелсіз заманымыздың талабына орай, кең ауқымды, көп векторлы, жан-жақты саясат ұстануы қоғамдық-саяси өзгерістердің бастамасына алып келді. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда Республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция күшіне енді. Жаңа Ата Заңға сәйкес Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай құрылды. Вице-президент институты енгізілді. Қазақстан Халық Кеңесі конституциялық деңгейдегі жаңа қоғамдық саяси институт ретінде жұмысын бастады. Сонымен қатар, азаматтардың дербестік құқығын қорғау, тұрғын үй және отбасы мәселелеріне қатысты бірқатар маңызды нормалар бекітілді. Осындай жақсы істер ел еңсесін тіктеуге, ел тәуелсіздігін нығайтуға қызмет ете берсін!


25 қазан – Республика күніне орай, барша қазақстандықтарды құттықтай отырып, дендеріне саулық тілейміз! Бірлігі мықты елдің бағындырар биігі де көп болсын!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНГІЗУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)



Бір қарағанда, үш жыл аз мерзім емес сияқты. Бірақ ғылыми зерттеудің табиғатына үңілсек, үш жылдық күнтізбелік мерзімнің өзі зерттеушінің қолындағы толық үш жылды білдірмейді. Конкурс жарияланады, өтінімдер қабылданады, сараптама жүргізіледі, шешім қабылданады, шарт жасалады. Осы процестердің арасында айлар өтіп кетуі мүмкін. Нәтижесінде ғалым қағаз жүзінде үш жылдық грант алғанымен, нақты зерттеу жүргізетін уақыты бұдан әлдеқайда қысқа болуы ықтимал. Ал іргелі ғылымда уақыттың қысқаруы – жай ғана әкімшілік қолайсыздық емес, зерттеудің сапасына, алынатын деректің көлеміне, ғылыми гипотезаны тексеруге және түпкі нәтижеге тікелей әсер ететін жағдай.

Осы мәселе «Әділет» партиясы фракциясының депутаты Лаура Қарабасованың Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекке және Қаржы министрі Мади Такиевке жолдайтын депутаттық сауалының өзегіне айналып отыр. Депутаттың айтуынша, Мемлекет басшысы бұған дейін гранттық қаржыландыру мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі зерттеулерге кедергі келтіретінін айтып, оны бес жылға ұзартуды ұсынған. Бұл бастама кейін заңнамалық тұрғыдан қолдау тапты.Алайда депутаттық сауалда көтерілген мәселе – заңда мүмкіндік бар болғанымен, оның ғылыми қаржыландырудың нақты моделіне толық айналмай отырғаны. Сондықтан мәселе бес жылдық грантқа заң рұқсат етуге емес, сол мүмкіндікті қашан және қалай толық іске асыратындығымызға қатысты.

Депутаттық сауалда конкурстық рәсімдердің ұзаққа созылуы да жеке мәселе ретінде көрсетілген. Егер гранттық конкурс пен ғылыми жобаның нақты басталуы арасында бірнеше ай өтсе, жобаның күнтізбелік мерзімі қысқармайды, бірақ зерттеушінің тиімді жұмыс уақыты қысқарады.Мұндай жағдай әсіресе бірнеше жылдық бақылауды қажет ететін салаларға әсер етеді. Мәселен, биомедицинада белгілі бір процесті зерттеу үшін ұзақ бақылау қажет болуы мүмкін. Ал, ауыл шаруашылығында бір ғана маусым жеткіліксіз. Экология мен климатологияда бірнеше жылдық өзгерісті салыстыру маңызды. Іргелі ғылымда зерттеудің бастапқы гипотезасы зерттеу барысында өзгеріп, жаңа бағытқа әкелуі де мүмкін.Сондықтан ғылымды әкімшілік күнтізбеге ғана сыйғызу қиын. Ғылымға уақыт бермей, одан жоғары нәтиже талап ету – ғылыми процестің табиғатын ескермеу.

Жалпы, Қазақстанның ғылым саласындағы заңнамасы ғылыми жобаларды бес жылға дейін іске асыруға мүмкіндік береді. 2024 жылы қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңның 34-бабында ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған шарт жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне жасалатыны, бірақ бес жылдан аспауға тиіс екені белгіленді. Сонымен қатар 2026 жылғы 24 маусымдағы заңнамалық өзгерістер ғылыми жобаның мерзімін шарт жасалған күннен бастап есептеу бағытын нақтылады. Бұл маңызды өзгеріс. Өйткені бұдан былай конкурстық рәсімдердің созылуы ғылыми жұмыстың шартта белгіленген мерзімін негізсіз қысқартуға себеп болмауы тиіс. Демек, құқықтық негіз біртіндеп қалыптасып келеді. Енді оны қаржыландыру практикасына енгізу мәселесі тұр.

> *Бес жылдық грант енгізілсе, бақылау мәселесі де қатар жүруі тиіс.Ұзақ мерзімді қаржыландыру ғылыми топқа тұрақтылық беруі керек, бірақ нәтижелілік талабын алып тастамауы тиіс. Сондықтан бес жылдық жобаларда аралық кезеңдер белгіленіп, әр кезеңнің нақты ғылыми көрсеткіштері бағалануы қажет. Егер жоба белгіленген ғылыми міндеттерін орындамаса, қаржыландыруды қайта қарау тетігі де болуы мүмкін. Бұл жағдайда ұзақ мерзім мен жауапкершілік бір-біріне қайшы келмей, керісінше, бірін-бірі толықтырады.*

Қазақстанның бұл ұсынысы халықаралық ғылыми қаржыландыру тәжірибесіне де сәйкес келеді. Еуропалық зерттеу кеңесінің гранттары бес жылға дейінгі мерзімге беріледі. АҚШ-тағы Ұлттық денсаулық институттарының көптеген зерттеу бағдарламаларында да бірнеше жылдық, соның ішінде бес жылдық жобалар кең тараған. Ұлыбританияның ғылыми зерттеу жүйесінде де ұзақ мерзімді гранттар қарастырылған. Бұл елдерде ұзақ мерзімді қаржыландыру зерттеушіге «бес жыл бойы есепсіз жұмыс істеуге мүмкіндік беру» дегенді білдірмейді. Керісінше, ұзақ мерзімді жоба кезең-кезеңімен бағаланып, ғылыми нәтижелері бақыланады. Қазақстанға да осындай жүйе қажет.

Депутаттық сауалда тағы бір маңызды ұсыныс – іргелі және қолданбалы зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарын бөлек ұйымдастыруға қатысты. Бұл – тек ұйымдастырушылық мәселе емес. Өйткені екі бағыттың табиғаты әртүрлі. Қолданбалы зерттеу нақты технологияға, өнімге, әдіске немесе өндірістік шешімге жақын болуы мүмкін. Ал іргелі ғылымның нәтижесі бірден нарыққа шықпауы ықтимал. Бүгін жасалған іргелі жаңалықтың технологиялық нәтижесі бірнеше жылдан кейін, тіпті ондаған жылдан соң пайда болуы мүмкін. Сондықтан іргелі зерттеуді тек қысқа мерзімді коммерциялық нәтиже арқылы бағалау ғылыми процестің өзін шектейді. Іргелі ғылымға – іргелі ғылымның өлшемі керек.

Бұл жерде Қаржы министрлігі үшін де маңызды сұрақ бар. Бес жылдық жоба бес жылдық қаржыны бірден бөлу деген сөз емес. Депутаттық сауалда ұсынылған тәсіл бойынша жобаның төртінші және бесінші жылдарына қажетті шығыстарды кейінгі бюджеттік циклдерде алдын ала жоспарлауға болады. Яғни, ғылыми жобаның бес жылдық жоспары мен жалпы қаржыландыру логикасы бастапқы кезеңде бекітіледі, ал қаражат тиісті бюджет кезеңдерінде қарастырылады. Мұндай тәсіл ғылыми жоспарлауды бюджеттік жоспарлаумен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде маңыздысы – ғылыми жоба төртінші жылға жеткенде оның әрі қарайғы тағдыры қайтадан белгісіз болып қалмауы. Ғалым зерттеуінің бес жылдық перспективасын білуі керек.

Осы мәселелерді ескере отырып, Лаура Қарабасова депутаттық сауалында Үкімет пен уәкілетті министрлікке төрт нақты ұсыныс енгізіп отыр. Біріншісі – 2027 жылдан бастап іргелі ғылыми жобалар бойынша 60 айлық гранттық қаржыландыру конкурсын өткізу. Екіншісі – іргелі ғылым үшін бес жылдық қаржыландыруды негізгі модель ретінде енгізу және жобаның толық жоспары мен қаржыландыру көлемін алдын ала бекіту. Үшіншісі – төртінші және бесінші жылдарға қажетті шығыстарды кейінгі бюджеттік циклдерде алдын ала жоспарлау тетігін енгізу. Төртіншісі – іргелі және қолданбалы зерттеулерге арналған гранттық конкурстарды бөлек ұйымдастыру. Бұл ұсыныстардың барлығы ғылыми зерттеуге тұрақтылық беруге қатысты бір мәселенің айналасында тоғысады.

Әрине, бес жылдық грант енгізілсе, бақылау мәселесі де қатар жүруі тиіс. Ұзақ мерзімді қаржыландыру ғылыми топқа тұрақтылық беруі керек, бірақ нәтижелілік талабын алып тастамауы тиіс. Сондықтан бес жылдық жобаларда аралық кезеңдер белгіленіп, әр кезеңнің нақты ғылыми көрсеткіштері бағалануы қажет. Егер жоба белгіленген ғылыми міндеттерін орындамаса, қаржыландыруды қайта қарау тетігі де болуы мүмкін. Бұл жағдайда ұзақ мерзім мен жауапкершілік бір-біріне қайшы келмей, керісінше, бірін-бірі толықтырады.

Қазақстан технологиялық тәуелсіздікке ұмтылып отыр. Жаңа өндірістер, жасанды интеллект, биотехнология, агротехнология, медицина, экология, жаңа материалдар – мұның барлығы ғылыммен тікелей байланысты. Бірақ технологиялық серпіліс бір күнде жасалмайды. Оның артында бірнеше жылдық зерттеу, тәжірибе, дерек жинау, қателесу, қайта тексеру және ғылыми пікірталас тұрады. Сондықтан ғылымды қаржыландыруды тек «қанша теңге бөлінді?» деген сұрақпен өлшеу жеткіліксіз болады. Бұл мәселеде «осы қаржы ғалымға қанша уақыт тұрақты жұмыс істеуге мүмкіндік берді?» деген сұрақ та қойылуы керек. Бүгін Қазақстанда бес жылға дейінгі ғылыми жобаларға заңнамалық мүмкіндік бар.Ендігі міндет – сол мүмкіндікті қағаз жүзіндегі норма күйінде қалдырмай, нақты ғылыми саясатқа айналдыру. Ғылымға уақыт беру – ғалымға жеңілдік жасау емес, мемлекеттің өз болашағына ұзақ мерзімді инвестиция салуы. Ал 2027 жылдан бастап іргелі ғылымға 60 айлық гранттық модель енгізу туралы депутаттық сауал осы мәселені нақты шешім деңгейіне шығаруға бағытталғаны құптарлық.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕЛДІК МҰРАТ – БІРЛІК ПЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Құзырлы тұлғалар мен қоғам өкілдері бас қосқан алқалы жиында елдің ертеңіне тікелей ықпал ететін мәселелер ортаға салынып, мемлекеттілік пен азаматтық жауапкершіліктің сабақтастығы сөз болды. Басқосуға Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары Марат Башимов бастаған тұлғалар елдің саяси-құқықтық дамуы мен құқықтық мемлекет қағидаттарына қатысты тақырыптарды талқылады. Кездесу барысында Қазақстан Халық Кеңесі төрағасының орынбасары, «Радима» беларусь мәдени орталығының төрағасы Дмитрий Останьковичтің Қазақстан Халық Кеңесі төрағасының қоғамдық орынбасары болып сайлануына орай құттықтау айтылып, жауапты қызметіне тілектер білдірілді.

Ел бірлігі тек әдемі сөзбен ғана айшықталатын ұғым емес. Оның шынайы өлшемі қоғамның өзара сыйластығында, өзара сенім мен ортақ мүддеге деген адалдығында. Тілі мен мәдениеті әртүрлі болғанымен, тағдыры бір, мақсаты ортақ азаматтарды біріктіретін күш – туған жерге деген сүйіспеншілік, ортақ Отан алдындағы жауапкершілік екені рас. Осы тұрғыдан алғанда, этномәдени бірлестіктердің, қоғамдық ұйымдардың және Достық үйінің қызметі айрықша мәнге ие. Олар халықтар арасындағы достықты бекемдеп, өзара түсіністік орнатуға, татулық пен тұрақтылықтың тамырын тереңге тартуға үлес қосып келеді. Қоғамдық келісімнің қадірі де осындай күнделікті еңбектен, өзара құрмет пен ортақ іске деген жанашырлықтан көрінеді.

Тарихын таныған елдің келешегі кемел

Жиында тарихтың тағылымы мен ұлттық сананың сабақтастығы да кеңінен қозғалды. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Айман Азмұханова ғылыми қауымдастықтың маңызы жайлы ойларымен бөлісті.

– Тарих – халықтың жүріп өткен жолының шежіресі ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағдар беретін рухани темірқазық. Өткенін таныған жұрт азаттықтың қадірін біледі, мемлекеттіліктің оңай қалыптаспағанын терең түсінеді. Тарихи жады – елдіктің алтын арқауы, ал одан тағылым алу болашақ алдындағы жауапкершіліктің белгісі. Ұлттың ертеңі жас ұрпақтың санасымен, білімімен және азаматтық ұстанымымен өлшенбек. Сондықтан жастарға ел тарихын таныту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру, туған жерге деген құрметін қалыптастыру қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі екенін естен шығармау қажет, – деп атап өтті Айман Азмұханова.

Осы ретте Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің халықаралық құқық факультетінің II курс студенті Темірлан Мақұбаевқа да сөз берілді.

Жастардың мұндай алқалы басқосуларға қатысуы олардың ел өміріне сергек көзқараспен қарап, қоғамдық мәселелерге араласуына жол ашатыны сөзсіз.

Отанға қызмет ету – құрғақ ұранның емес, нақты істің өлшемі. Ол білімге ұмтылудан, адал еңбек етуден, заңды құрметтеуден, ел мүддесіне жанашырлық танытудан басталады. Өз ісіне жауапты, ойы сергек, мақсаты айқын жас ұрпақ – мемлекеттің ертеңгі тірегі де бола алады, – дейді Темірлан Мақұбаев.

Ортақ мұратқа бастар жол

Негізгі баяндамалардан кейін қатысушылар пікір алмасып, өздерін толғандырған мәселелер бойынша сұрақтар қойып, ұсыныстарын ортаға салды. Әртүрлі сала өкілдерінің бір алаңда бас қосуы күн тәртібінде тұрған елдік мәселелерді жан-жақты талқылауға, ортақ ой түюге мүмкіндік берді.

Жиынның қорытынды бөлімінде қоғамдық өмірге белсене араласып, еңбек ұжымдарында жемісті қызмет етіп жүрген азаматтарды марапаттау рәсімі өтті. Еңбегімен елге үлгі болған, қоғам игілігіне үлес қосқан жандарға құрмет көрсету – адал қызметтің бағасын арттырып, азаматтық белсенділікті ынталандыратын игі дәстүр. Бұдан кейін қатысушылар естелік суретке түсіп, басқосу өз мәресіне жетті.

P.S. *Астанадағы Достық үйінде өткен бұл кездесу елдік мұрат пен тарихи сананы сабақтастырып, мемлекеттіліктің мәнін терең пайымдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Талқылау барысында көтерілген мәселелердің түп-төркіні бір арнаға тоғысады. Ол тәуелсіздікті тұғырлы ету, заңға құрметті арттыру, қоғамдық татулықты сақтау және келешек алдындағы жауапкершілікті сезіну.Өйткені, мемлекеттің қуаты тек қол жеткізген жетістіктерімен өлшенбейді. Оның шынайы беріктігі халқының бірлігінде, азаматтарының адал еңбегінде, тарихи жадының тереңдігінде және болашаққа деген сенімінде болса керек. Елдікті сақтау өткеннің аманатын арқалау ғана емес, бүгінгі міндетті абыроймен атқарып, ертеңгі ұрпаққа берік негіз қалдыруы тиіс. Республика күні осы ақиқатты айқындайтын, тәуелсіздіктің қадірін ұғындырып, елдік жауапкершілікті еске салатын қастерлі мереке. Тарихын тұғыр еткен, бірлігін бекемдеген, ортақ мұратын биік қойған елдің ғана келешегі кемел болмақ.*

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

№ 80 (3907)
23 қазан 2026 жыл
zangazet@mail.ru

САРАП

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚОҒАММЕН АШЫҚ ДИАЛОГ ОРНАТУҒА ДАЙЫН

2025 жылғы 1 шілдеден өз жұмысын бастаған кассациялық соттар қызметінің маңызды бағыттарының бірі – сот төрелігінің ашықтығын қамтамасыз ету және қоғамды сот жүйесіндегі маңызды оқиғалар мен өзгерістер туралы уақытылы ақпараттандыру. Осы бағытта Кассациялық соттар департаментінің баспасөз қызметі жүйелі жұмыс жүргізіп, соттардың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми интернет-ресурста және әлеуметтік желілерде кеңінен жариялауға басымдық беріп келеді.

Кассациялық соттардың қызметі туралы материалдар мерзімді басылымдарда, жетекші интернет-платформаларда, телевизиялық жаңалықтар шығарылымдарында және тақырыптық бағдарламаларда жарияланып келеді.

Маңызды іс-шаралар мен ақпараттық жобалар

Есепті кезеңде баспасөз қызметі сот жүйесінің қызметін танытуға, кәсіби жетістіктерді насихаттауға және қоғаммен байланысты нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды іс-шаралар мен жобалардың ақпараттық сүйемелдеуін қамтамасыз етті.

Атап айтқанда, ҚР Жоғарғы Соты ұйымдастырған Әзербайжан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстанның сот органдары өкілдері қатысқан іс-шаралар ақпараттық тұрғыдан сүйемелденді. Бұл материалдар сот жүйесіндегі халықаралық өзара іс-қимыл мен тәжірибе алмасудың маңызын көрсетуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, Кассациялық соттардың қызметіне арналған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының көшпелі отырысы ақпараттық сүйемелдеумен қамтылды. Мұндай іс-шаралар сот жүйесінің қызметін таныстыруға, оның жұмыс бағыттарын түсіндіруге және кәсіби мәселелерді ашық талқылауға жағдай жасайды.

Баспасөз қызметі сот жүйесінің беделін арттыруға бағытталған арнайы ақпараттық жобаларды да жүзеге асыруда. Солардың қатарында қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып жүрген мамандардың кәсіби жетістіктерін танытатын «Сот жүйесінің үздіктері» жобасы бар. Оның мақсаты – сот жүйесі қызметкерлері арасында кәсібилік пен өз ісіне деген адалдықтың үлгісін насихаттау. Ал «Сотқа алғыс» жобасы азаматтардың судьялар мен сот аппараты қызметкерлеріне білдірген ризашылықтарын жариялауға бағытталған.

Аталған жобалар сот жүйесінің қызметін ресми ақпаратпен ғана шектемей, оның адамға бағдарланған қырын ашуға, кәсіби құндылықтарды дәріптеуге және қоғаммен сенімді байланысты дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық коммуникация және заманауи ақпараттық форматтар

Қазіргі ақпараттық кеңістікте әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалардың рөлі артып келеді. Осыған байланысты баспасөз қызметі ақпаратты ұсыну тәсілдерін жетілдіруге, визуалды контенттің сапасын арттыруға және құқықтық ақпаратты кең аудиторияға қолжетімді форматта жеткізуге ерекше назар аударады.



Талғат НҰРБАЕВ,
Кассациялық соттардың баспасөз бөлімінің басшысы

Кассациялық соттардың қызметін таныстыратын имидждік материалдар, қысқа бейнероликтер және түсіндірме контент әзірленеді. Мұндай материалдар соттардың негізгі жұмыс бағыттарын таныстыруға, құқықтық мәселелерді қарапайым тілмен түсіндіруге және ресми ақпараттың аудиторияға қолайлы форматта ұсынылуына мүмкіндік береді.

Резонанстық істерді ақпараттық сүйемелдеуде соттың баспасөз қызметі маңызды рөл атқарады. Кассациялық соттар өз жұмысын бастағаннан бері баспасөз қызметі қоғамның ерекше назарын аударған істерді ақпараттық сүйемелдеуге баса мән берді. Атап айтқанда, Б. Байжанов пен Шерзат Полатқа қатысты резонанстық сот процестері бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланып, қоғамды толғандырған мәселелер бойынша ақпараттық жұмыс жүргізілді.

Басты мақсат – сот жүйесін халыққа жақын ету, азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыру және қоғаммен ашық диалог қалыптастыру.

Бұл ретте ақпараттың жеделдігімен қатар, оның дұрыстығы, бейтараптығы, кінәсіздік презумпциясын сақтау, процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау маңызды қағидаттар ретінде басшылыққа алынады.

Мұндай тәсіл қоғамның сот процестері туралы объективті ақпарат алуына және сот қызметінің құқықтық шеңберде түсіндірілуіне жағдай жасайды.

Кассациялық соттардың қызметін ақпараттық сүйемелдеу – тек жаңалықтар жариялау емес, сонымен қатар сот жүйесінің қызметін түсіндіруге, құқықтық сауаттылықты арттыруға және қоғаммен тұрақты байланыс орнатуға бағытталған кешенді жұмыс.

КИЕ

ӘДІЛ СОТТЫҢ ӨЗЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын кеңейту, оның мәртебесін нығайту және қазақ тілінің толыққанды қызмет етуіне жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Әсіресе, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданысы ерекше маңызға ие. Өйткені сот билігі – заң үстемдігін қамтамасыз ететін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын, қоғамдағы әділеттілік пен құқықтық тәртіпті орнықтыратын мемлекеттік биліктің негізгі тармақтарының бірі. Сот қызметінде мемлекеттік тілдің тиісті деңгейде қолданылуы азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуіне, құқықтық ақпаратты түсінуіне және сотқа деген сенімінің артуына тікелей ықпал етеді.

Мемлекеттік тілдегі сот ісін жүргізу мәселесі тек құжаттарды қазақ тілінде рәсімдеу немесе сот отырыстарын қазақ тілінде өткізу міндетімен ғана шектелмейді. Бұл – сот жүйесінің барлық қызметінде қазақ тілінің толыққанды қолданылуын қамтамасыз ету, заң терминологиясын біріздендіру, сот қызметкерлерінің тілдік және кәсіби біліктілігін арттыру, сот актілерінің сапасын жетілдіру, азаматтардың мемлекеттік тілде сотқа жүгінуіне қолайлы жағдай жасау және құқықтық мәдениетті қалыптастыруды қамтитын кешенді мәселе. Сондықтан мемлекеттік тілдегі сот ісін жүргізудің қазіргі ахуалын бағалау кезінде қол жеткізілген жетістіктермен қатар, әлі де шешімін табуды қажет ететін мәселелерге назар аудару қажет.

Сот ісін жүргізудің тілдік мәселелері Қазақстанның қылмыстық-процестік, азаматтық процестік және әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамаларында да реттелген.

Сот ісін жүргізу тілі – сот төрелігін жүзеге асырудың маңызды процессуалдық кепілдігі. Егер азамат сотта қолданылатын тілді жеткілікті деңгейде түсінбесе, оның өз құқықтарын толық қорғауы қиынға соғуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, соттағы тіл мәселесі тек ұйымдастырушылық немесе мәдени сипаттағы мәселе емес, ол әділ сот талқылауына қатысу құқығымен тығыз байланысты.

Соңғы жылдары қазақ тілінің сот жүйесіндегі қолданысын кеңейтуге бағытталған жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқанын атап өткен жөн. Соттарда қазақ тіліндегі іс жүргізу тәжірибесі қалыптасып, сот актілерін, хаттарды, анықтамаларды, ресми хабарламаларды және өзге де құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу кеңінен жүзеге асырылуда. Сот органдарының ресми интернет-ресурстарында қазақ тіліндегі ақпарат орналастырылып, азаматтарға мемлекеттік тілде ақпарат алу мүмкіндігі ұсынылады.

Сонымен бірге сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін бағалау кезінде жекелеген соттардың немесе белгілі бір кезеңдегі көрсеткіштердің негізінде жалпы қорытынды жасау жеткіліксіз. Іс жүргізу тілінің нақты жағдайын анықтау үшін сотқа түскен істердің тілдік құрылымын, сот отырыстарының өткізілу тілін, сот актілерінің әзірлену сапасын, аударма жұмыстарының көлемін, азаматтардың мемлекеттік тілде өтініш беру мүмкіндіктерін және сот қызметкерлерінің тілдік даярлығын кешенді түрде зерделеу қажет. Мұндай талдау нақты мәселелерді анықтап, мемлекеттік тілдің қолданысын арттыруға бағытталған тиімді шараларды белгілеуге мүмкіндік береді.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуына ықпал ететін факторлардың бірі – қоғамдағы тілдік ахуал. Қазақстан – көпэтносты мемлекет, оның азаматтары күнделікті өмірде әртүрлі тілдерді пайдаланады. Кейбір азаматтар қазақ тілінде еркін сөйлегенімен, ресми-құқықтық мәтіндерді түсіну немесе өз ойын заң терминдері арқылы жеткізу кезінде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Екінші жағынан, қазақ тілін күнделікті қарым-қатынаста қолданбайтын азаматтар да сот процесінде мемлекеттік тілде сөйлейтін тараптармен бірге қатысады. Сондықтан сот ісін жүргізу тілін ұйымдастыруда заңдылық, тараптардың құқықтары мен теңдігі, процессуалдық кепілдіктер және нақты істің ерекшеліктері ескерілуге тиіс.

Мемлекеттік тілдегі сот ісін жүргізуді дамыту үшін ең алдымен сотқа жүгінетін азаматтардың тілдік құқықтарын толық қамтамасыз ету қажет.

Сот ісін жүргізудің тілін айқындау кезінде заң талаптарын қатаң сақтау маңызды. Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерде іс жүргізу тілі заңда белгіленген тәртіппен анықталады. Процеске қатысушылардың тілді білу деңгейі, олардың өтініштері және заңда көзделген өзге де мән-жайлар ескеріледі. Іс жүргізу тілін белгілеу тараптардың бірінің тілдік таңдауын елемеу немесе белгілі бір тілді қолдануға мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылмауы керек. Мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту процеске қатысушылардың құқықтарын шектеумен емес, қазақ тілінде сапалы сот қызметін көрсетуге қажетті жағдай жасаумен қамтамасыз етілуі тиіс.

Сот актілерінің мемлекеттік тілде сапалы әзірленуі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Сот актісі – құқықтық шешімнің ресми көрінісі ғана емес, азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне тікелей әсер ететін маңызды құжат.

Ақтөбе қаласының №2 сотында 2026 жылдың 9 айында 697 іс қаралып, оның 373-і мемлекеттік тілде қаралған, яғни, бұл – 54 %.

Сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілдегі кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тұрақты оқыту курстарын, практикалық семинарларды және құқықтық жазу бойынша тренингтерді ұйымдастыру маңызды. Мұндай сабақтарда нақты сот құжаттарының үлгілері талданып, терминдерді дұрыс қолдану, сөйлем құрылымын жетілдіру, аудармадағы қателерді анықтау және ресми стильді сақтау мәселелері қарастырылуы мүмкін. Әсіресе, сот актілерін мемлекеттік тілде әзірлейтін мамандарға арналған тәжірибелік оқыту бағдарламаларының маңызы зор.

Мемлекеттік тілдегі сот ісін жүргізуді дамытуға қатысты тағы бір маңызды мәселе – мемлекеттік тілдің қолданылуын бағалаудың тиімді көрсеткіштерін қалыптастыру. Бұл бағыттағы жұмыс тек қазақ тілінде қаралған істердің санын есептеумен шектелмеуі тиіс. Сандық көрсеткіштер мемлекеттік тілдегі сот актілерінің сапасы, аударманың дұрыстығы, азаматтардың тілдік құқықтарының сақталуы және сот қызметінің қолжетімділігі туралы толық мәлімет бермейді.

Сондықтан мемлекеттік тілдегі сот ісін жүргізудің нәтижелілігін бағалау үшін бірнеше бағытты қатар қарастырған жөн. Біріншіден, мемлекеттік тілде түскен істердің және қазақ тілінде өткізілген сот отырыстарының үлесін анықтау. Екіншіден, мемлекеттік тілде әзірленген сот актілерінің сапасына талдау жүргізу. Үшіншіден, аударма жұмыстарының дәлдігі мен уақытылығын бағалау. Төртіншіден, сот қызметкерлерінің кәсіби тілдік даярлығын зерделеу. Бесіншіден, азаматтардың мемлекеттік тілдегі сот қызметіне қолжеткізу деңгейін анықтау.

Алдағы уақытта мемлекеттік тілдегі сот ісін жүргізуді дамыту жұмыстары жүйелі, кезең-кезеңімен және нақты нәтижеге бағытталған сипатта жүргізілгені жөн. Мемлекеттік тілде сапалы сот қызметін көрсету үшін қажетті кәсіби, әдістемелік, ұйымдастырушылық және технологиялық жағдайлар жасалуы қажет. Бұл ретте қазақ тілінің қолданысын кеңейту процеске қатысушылардың құқықтарын сақтау, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігін қамтамасыз ету және заң үстемдігін нығайту қағидаттарымен үйлесуі керек.

Еділ ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

КОНФЕРЕНЦИЯ

ЦИРКУЛЯРЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының ұйымдастыруымен «Циркулярлық экономиканы құқықтық реттеу: Қазақстан Республикасының заңнамасы және оны жетілдіру» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Бұл тақырып Қазақстан үшін циркулярлы экономиканы қалыптастырудың құқықтық негіздерін талқылауымен, сондай-ақ, осы саладағы заңнаманы жетілдірудің өзекті мәселелерін ғылыми тұрғыдан сараптауымен құнды. Алыс-жақын шетелдердің ғалымдары мен сарапшыларының басын қосып аталған тақырып бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу және оны ұлттық құқықтық жүйеге бейімдеу өз кезегінде ресурстарды тиімді пайдалануға, сонымен қатар, қалдықтарды азайтып, қайта өңдеуге, қайталама ресурстарды экономикалық айналымға енгізуге жол ашады.

Конференцияны заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов жүргізіп отырды. Айта кетерлігі, конференция офлайн және онлайн форматында өтті. Алғашқы сөз кезегі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі, бірінші проректор, профессор Еркін Дүйсеновке берілді. Ғалым Конституция, циркулярлық экономиканы құқықтық тұрғыда жетілдіру туралы тұщымды ойларын ортаға салса, ҚР Криминологиялық қауымдастығының президенті, з.ғ.д., профессор Игорь Рогов «Цифрлық технологиялардың қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың қалыптасуына әсері» тақырыбындағы баяндамасын онлайн формада жеткізді.

Бұған қоса Польша, ҚХР, Тәжікстан, Өзбекстан университеттерінің профессорлары да конференцияға онлайн форматта қатысты. Ал Hasan Kalyoncu университеті ректорының кеңесшісі, Орталық Азия аккредиттеу орталығының халықаралық байланыстар жөніндегі комитетінің президенті Арслан Мехмет баяндамасын «Түркия Республикасында циркулярлық экономиканы қалыптастырудың ерекшеліктері: мемлекеттік саясат және әлеуметтік даму» тақырыбында жалғастырды. ҚР Президенті іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институты директорының орынбасары Берік Бекжанов конференцияда айтылған ұсыныстардың ескерусіз қалмайтынын жеткізді.

Әл-Фараби университеті «Циркулярлық экономикаға көшудің құқықтық тетіктері» тақырыбында ұйымдастырған эссе байқауына студенттер арасынан тоқсан шығарма түскен. Солардың ішіндегі ең мықтылары жеңімпаз атанды. Жүзден жүйрік шыққандар, яғни, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Omir Innovation University, Каспий университеттерінің студенттері осы конференция барысында марапатталып, арнайы дипломдар мен қаржылай сертификаттарға ие болды. Тағы бір айтып өтерлігі, конференцияда «Цифровое право Республики Казахстан» оқулығының тұсауы кесілді. Заң ғылымдарының докторы Дәулет Байдельдиновтің айтуынша, бұл Қазақстанда осы бағытта жарық көрген тұңғыш оқулық.

Конференцияға заңгер-ғалымдар, оқытушылармен бірге Алматы қаласы бойынша экология департаментінің, Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің, БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы жөніндегі комиссиясының, «Байтақ» Қазақстанның жасылдар партиясының, т.б. мекемелердің өкілдері қатысып, циркулярлы экономиканы құқықтық реттеудің теориялық және практикалық бағыттарын жан-жақты талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы-ректор, профессор Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен ұйымдастырылған халықаралық жиында «ал, пайдалан, қайта өңде, тағы да пайдалан» ұғымының, яғни, циркулярлы экономиканың және оны құқықтық тұрғыда реттеудің маңызы Қазақстан үшін одан әрі арта түсті.

Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Мемлекет басшысы биылғы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, барлық саланы сандық технология жетістіктерінің көмегімен ілгерілетуді тапсырған болатын. Мұндай жаңашылдықтар сот саласының да жұмысына жан бітірді. Бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруда, сот қателіктерінің алдын алуда да сандық технологияның маңызы зор.



Жасанды интеллект жолбасшы болған қазіргі уақытта электрондық дәлелдемелерді зерделеуге де ерекше көңіл бөлу қажеттілігі туындап отыр. Себебі, соңғы жылдары көптеген қылмыстар интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, электрондық төлемдер және цифрлық құрылғылар арқылы жасалуда. Сәйкесінше электрондық дәлелдемелер көмегімен қылмыстың ізі анықталып жатыр. Яғни, электрондық дәлелдемелер – қылмыстық іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтауға мүмкіндік беретін заманауи деректер.

Электрондық дәлелдемелердің басты ерекшелігі және күрделілігі – оларды көшіруге, өзгертуге, жоюға немесе қолдан жасауға болатындығымен байланысты. Сондықтан сот үшін электрондық ақпараттың мазмұны ғана емес, оның түпнұсқалығы, алыну заңдылығы және өзгеріссіз сақталуы аса маңызды. Бүгінде қылмыстық процесте дыбыс-бейнежазбалар, электрондық хаттар, мессенджерлердегі хабарламалар, скриншоттар, сервер деректері секілді электрондық дәлелдемелер зерделеніп, қылмыстық істің мән-жайларын жедел, объективті және толық анықтауда, ақпаратты бұрмалаудан қорғауда және сот төрелігінің ашықтығын арттыруда шешуші рөл атқарып келеді.

Электрондық дәлелдемелер дегенде бірнеше артықшылықты көрсетуге болады. Оның ең бастысы – жылдамдық пен сақтауға ыңғайлылығында. Себебі сандық ақпаратты жинау, тіркеу және тасымалдау қағаз құжаттарға қарағанда жылдам жүзеге асатыны белгілі. Сонымен бірге заттай айғақтарға қарағанда оларды ұзақ уақыт бойы қиындықсыз сақтауға болады. Екінші басымдық – объективтілік пен ашықтықтан көрінеді. Соның ішінде бейнетіркегіштер, камералар адам факторының әсерін азайтып, оқиғаның нақты қалай болғанын дәлелдеуге көмектеседі. Үшіншіден, электрондық дәлелдемелер дәлелдеу базасын кеңейтті. Қазіргі цифрлық дәуірде киберқылмыстар, алаяқтықтар, сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстар туралы ақпарат көбінесе смартфондарда немесе интернет желілерінде қалады. Сондықтан мұндай электрондық дәлелдемелер ақ пен қараны анықтауда бірегей көмекші. Төртіншіден, электрондық дәлелдемелер қылмыстық процесті оңтайландырып, іс жүргізу шығындарын азайтуға, қағазбастылықты жоюға ықпал етеді.

Қылмыстық процесте сот электрондық дәлелдемені бағалауда бірнеше өлшемге мән береді. Әсіресе сот барысында «Ұсынылған электрондық ақпарат қаралып жатқан қылмыстық іске қатысты ма?», «Дәлелдеме заң талаптарына сәйкес алынды ма?», «Ақпарат түпнұсқа ма?» және «Жиналған дәлелдемелер жиынтығы тиісті мән-жайларды анықтауға жеткілікті ме?» деген сұрақтарға нақты жауап изделеді. Бұл өлшемдер Қылмыстық-процестік кодекстің 125-бабындағы дәлелдемелерді бағалау қағидаларында да толық дәйектелген.

Жалпы жасанды интеллект дамыған сайын қылмыстық істерді қарауда электрондық дәлелдемені қолдан құрастырылған материалдан ажырату да оңай болмай отырғанын мойындауымыз керек. Мысалы, бүгінде технология көмегімен адамның бет-бейнесін немесе дауысын қолдан жасап, оның шын мәнінде айтпаған сөзін айтқандай көрсетуге болады. Мұндай жағдайларда сот цифрлық файлдың шығу тегін, метадеректерін, өзгертілу белгілерін және басқа дәлелдемелермен сәйкестігін зерттеуі қажет. Бұл соттарды жаңа технологияны жұмыс барысында тиімді қолданып қана қоймай, шынайы дәлел мен бұрмаланған деректің аражігін ажырату бойынша біліктілігін көтеруді талап етеді.

Мәселенің өзектілігін ескерген Жоғарғы Сот жақында «Электрондық дәлелдемелерді куәландыру және оларды сотта бағалау» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізген болатын. Осы жиынға арнайы келген шетелдік әріптестер электрондық дәлелдемелердің дұрыстығын қамтамасыз ету, нотариаттық куәландыру, сотта бағалау және халықаралық тәжірибе мәселелерін ортаға салды. Мұндағы айтылған ұсыныс, пікір, тұжырымдар қылмыстық процестегі электрондық дәлелдемелерді дұрыс бағалауға ықпал етері анық.

Еркін МАЙШЫНОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ПАЙЫМ

АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылданғанына биыл 35 жыл толып отыр. Ата-бабамыз аманат еткен егемендікке де жеткенімізге отыз бес болды. Осы жылдар ішінде тәуелсіз Қазақстанның тұғырын биіктететін, құқықтық іргетасын нығайтатын заңнамалық база қалыптасты. Осы заңдардың басында Конституция тұрғаны белгілі.


Конституция кез келген мемлекеттің құқықтық негізі, тәуелсіздіктің тірегі және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі. Ата Заңда елдің қоғамдық-саяси құрылымы айқындалып, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынастың негізгі қағидалары жан-жақты көрініс табады. Заманның дамуына, азаматтардың талап-тілегіне сай түрленген жаңа Конституциямыз биыл жалпыхалықтық референдумда қабылданған еді. Бұл Конституцияны халықтық құжат деуге толық негіз бар. Себебі, жаңа заңнаманы дайындауға азаматтық қоғам белсене атсалысты. Жоба тек құзырлы орган өкілдерінің арасында ғана емес, заңгерлер, ғалымдар, қоғам белсенділерінің қатысуымен қызу талқыланды. Ондағы айтылған пікір, ұсыныстар Конституция жобасы бойынша ізденіс жасап жатқан жұмыс тобының назарына ұсынылды. Азаматтардан түскен мыңнан аса ұсыныс-пікірдің бәрі електен өткізіліп, құжатта көрініс тапты.

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы конституциялық кепілдіктер бір ізге түсіріліп, адамның нақты ұсталған сәттен бастап қорғалу құқығы, негізсіз ұстауға жол бермеу, өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу, кінәсіздік презумпциясын сақтау тетіктері дәйектелді. Мұның барлығы әділ сот төрелігін қалыптастыруға ықпал ететін басты талаптар. Бұл нормалар құқық қорғау органдарының ғана емес, соттардың да жауапкершілігін арттырады. Өйткені адамның бостандығына, ар-намысына және қадір-қасиетіне қатысты әрбір шешім заң талаптарына толық сәйкес келуге тиіс.

Қазақстан халқы биылғы жылы 15 наурызда өткен референдумда өз таңдауын жасап, жаңа Конституция жобасын жақтап дауыс берді. Міне, 1 шілдеден бері қолданылып келе жатқан еліміздің Бас құжатында атап өтерлік жаңашылдық аз емес. Бұл өзгерістер Конституцияның заңдық мәртебесін арттырып қана қоймай, мемлекеттік басқару, заң шығару, адами құндылықтарды сақтау бойынша іргелі басымдықтарды бекітіп берді. Мұндағы бірқатар өзгерістер сот саласына да қатысты енгізілген.

Мәселен, қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы конституциялық кепілдіктер бір ізге түсіріліп, адамның нақты ұсталған сәттен бастап қорғалу құқығы, негізсіз ұстауға жол бермеу, өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу, кінәсіздік презумпциясын сақтау тетіктері дәйектелді. Мұның барлығы әділ сот төрелігін қалыптастыруға ықпал ететін басты талаптар. Бұл нормалар құқық қорғау органдарының ғана емес, соттардың да жауапкершілігін арттырады. Өйткені адамның бостандығына, ар-намысына және қадір-қасиетіне қатысты әрбір шешім заң талаптарына толық сәйкес келуге тиіс.

Конституциялық жаңғыру барысында мемлекеттік билік жүйесін жетілдіруге де зор көңіл бөлінген. Соған орай Ата Заңда екі палаталы Парламенттің орнына – Құрылтай институтын қалыптастыру, сонымен қатар Вице-Президент лауазымы мен Қазақстан Халық Кеңесі сияқты жаңа мемлекеттік және қоғамдық институттар конституциялық деңгейде бекітіліп, бүгінде нәтижелі жұмыс істеуде. Мұндай өзгерістер билік тармақтары арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлуге, мемлекеттік шешімдер қабылдау жүйесін жаңартуға және қоғамдық диалогтың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға бағытталды.



Айнұр ДЖУНДИБАЕВА,
Қарғалы аудандық сотының төрағасы

Конституцияда ақпараттық технология, цифрландыру және жасанды интеллектті қолдануға байланысты соны өзгерістерге орай адамның жеке өмірін, дербес деректерін және цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше ден қойылған. Бұл заман талабынан туындаған маңызды қадам. Мұндай заңнамалық өзгерістердің сот тәжірибесі үшін де ерекше мәні бар. Цифрлық технологиялар сот төрелігінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттырғанымен, ешбір технология адамның құқықтарын шектеуге немесе әділ сот қағидаттарын әлсіретуге негіз болмауы керектігін назарда ұстағанымыз орынды.

Конституциялық өзгерістердің табысты жүзеге асуы тек мемлекеттік органдарға ғана байланысты емес. Ол қоғамның құқықтық мәдениетіне, азаматтардың заңға құрметіне және әр адамның өз құқықтары мен міндеттерін білуіне де тікелей қатысты. Заң бәріне бірдей қолданылғанда, азаматтар өз құқықтарының қорғалатынына сенімді болғанда ғана құқықтық мемлекеттің қағидаттары толық жүзеге асып, заң мен тәртіп қағидаты шын мәнінде орындалары сөзсіз.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БЕЗБЕН

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – СОТ ЖҮЙЕСІ ТАРИХЫНДАҒЫ ҮЛКЕН СЕРПІЛІС

Мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігі қарулы күштердің құатымен және дипломатиялық байланыс деңгейімен ғана өлшенбейді. Қазіргі геосаяси және геоэкономикалық құбылыстар заманында мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің ең басты тірегі – оның мықты, тәуелсіз және құқықтық тұрғыдан қорғалған ұлттық бизнесі.

Кәсіпкерлік – елдің әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ететін, жұмыс орындарын құрып, бюджетті салықпен толтыратын басты қозғаушы күш. Осы орайда, бизнестің құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің экономикалық егемендігін сақтау кепілі. Егер кәсіпкер инвестициясының заңмен қорғаларына сенбесе, елге сыртқы капиталдың ағылуы мүмкін емес.

Бизнес пен мемлекет арасындағы құқықтық теңсіздік немесе сот жүйесінің әділетсіздігі ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Оның бірнеше себебі бар. Біріншісі, капиталдың сыртқа жылыстауы. Егер отандық кәсіпкерлер өз елінде құқықтық қорғанысты сезінбесе, олар активтерін офшорлық аймақтарға немесе құқықтық жүйесі тұрақты шетелдерге көшіре бастайды. Бұл ұлттық валютаның әлсіреуіне және инвестициялық тапшылыққа әкеледі. Екіншісі, инвестициялық климаттың нашарлауы. Сыртқы инвесторлар елдегі заң үстемдігі мен сот шешімдерінің орындалу сапасына қарап шешім қабылдайды. Сот жүйесіне деген сенімсіздік халықаралық рейтингтерде елдің беделін түсіреді. Үшіншісі, көлеңкелі экономиканың өсуі. Құқықтық тетіктер арқылы өз мүддесін қорғай алмаған бизнес сыбайлас жемқорлыққа бой алдырып, мәселелерді «бейресми» жолдармен шешуге тырысады. Бұл мемлекеттік институттардың іріп-шіруіне соқтырады.

Бас прокуратура мен Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі уәкіл институтының мәліметі бойынша, жыл сайын кәсіпкерлер құқығын бұзудың мыңдаған фактісі анықталады. Мемлекеттік бақылау-қадағалау органдары тарапынан негізсіз тексерулер мен қылмыстық істерді қолдан ұйымдастыру фактісі де толық жойылған жоқ. Осыған байланысты Президенттің «бизнесті негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғау» және «заңсыз тексерулерге тосқауыл қою» жөніндегі тапсырмалары ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған сәттен бастап нарықтық экономиканы құруды және бизнесті қорғауды басым бағыт етті. Дегенмен, ұзақ жыл бойы құқықтық дауларда мемлекеттік органдардың монополиялық басымдығы байқалып келді. Бұл үрдісті түбегейлі өзгерткен – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс және мамандандырылған әкімшілік соттар болды.

ӘРПК енгізілгенге дейін мемлекеттік органдармен дауласқан кәсіпкерлердің сотта жеңіске жету мүмкіндігі 10-15 пайыздан аспайтын. Жаңа жүйе енгізілгелі бұл көрсеткіш түбегейлі өзгерді. Жоғарғы Соттың мәліметінше қазіргі уақытта әкімшілік соттарда мемлекеттік органдарға қарсы берілген талап-арыздардың 60 пайызға жуығы кәсіпкерлер мен азаматтардың пайдасына шешілуде. Бұл – қазақстандық сот жүйесінің тарихындағы үлкен серпіліс және кәсіпкерлік сенімді арттырудың басты құралы.

Бизнестің құқықтық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін күрделі саланың бірі – жер қатынасы. Жылдар бойы жергілікті атқарушы органдар кәсіпкерлерге берілген жер телімін «нысаналы мақсатына сай пайдаланылмады» немесе «уақытында игерілмеді» деген сылтаумен біржақты тәртіпте кері қайтарып алып, бизнесті тығырыққа тірейтін. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелін арттырып, инвестиция тұрақтылығына қауіп төндірді.

ӘРПК күшіне енгелі бері бұл бағыттағы сот тәжірибесі де жаңа бағыт алды. Қазіргі таңда жер заңнамасына қатысты әкімдіктер мен жер инспекцияларының шешіміне қарсы түскен шағымдардың жартысынан астамы кәсіпкерлер пайдасына шешілуде. Дегенмен, әттеген-ай дейтін жағдайлар да аз емес. Оған Түркістан облысындағы «Рауан» ЖШС-нің басынан өткізіп жатқан сот шырғалаңы дәлел бола алады. Мұнда талап қоюшы – Түркістан облысының жер ресурстарын басқару департаменті.

«Атамекен» ҰКП Түркістан облысы бойынша Кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді төмендету бөлімінің бастығы Сержан Сартбаевтың айтуынша, жауапкер ұсынған іс материалына қарағанда «Рауан» ЖШС-не даулы 0,15 га жер учаскесі Дербісек ауылдық округі әкімінің 2001 жылғы 5 желтоқсандағы №98 шешімі негізінде берілгені, оның негізінде 2001 жылғы 7 желтоқсанда №101 жер учаскесін жалға беру шарты жасалғаны және кейін 2010 жылғы 18 мамырда №798 шарт рәсімделгені көрінеді. Сонымен бірге, №98 әкімдік шешімі осы іс бойынша мәні бойынша заңсыз деп танылған жоқ. Соттың 2026 жылғы 22 мамырдағы ұйғарымымен аталған шешімді жарамсыз деп тану туралы талап бойынша іс жүргізу тоқтатылған. Осыған байланысты, Түркістан облысының кәсіпкерлер палатасы бірінші сатыдағы соттың шарттарды жарамсыз деп тану кезінде олардың жасалуына негіз болған әкімшілік актінің құқықтық салдарын тиісінше бағалау қажеттігіне назар аударды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамада әкімшілік органның қызметіне деген сенімді қорғау қағидаты бекітілген. «Мемлекеттік органның шешіміне сүйеніп құқықтық жағдайын қалыптастырған кәсіпкердің құқығын ұзақ уақыт өткеннен кейін тиісті құқықтық және процестік бағалаусыз шектеу кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығына кері әсер етеді. Сонымен қатар, жер учаскесін беру кезінде мемлекеттік орган тарапынан жол берілген болуы мүмкін құқықтық бұзушылықтардың салдарын оларды жасауға қатыспаған және мемлекеттік органның актісіне адал сенген кәсіпкерге толық көлемде жүктеу мәселесі апелляциялық сот тарапынан жаңжақты бағалануы қажет еді», – дейді Сержан Сартбаев.

Қазіргі таңда жауапкер «Рауан» ЖШС бұл шешіммен келіспей Кассациялық сотқа шағымданған. Егер шешім өзгеріссіз қалса бюджетке жыл сайын салық түрінде түсетін 1,5 млрд қаржы түсіріп, өндірген өнімдерін тек ішкі нарыққа ғана емес, көршілес елдерге экспорттау арқылы, бірнеше жүздеген адамды тұрақты және қосымша жұмыс орнымен қамтамасыз етіп отырған, ширек ғасырдан астам тарихы бар өндіріс орнының жұмысы тоқырамақ. Сондай-ақ адал жер иеленушінің құқы бұзылып, кәсіпкердің өндіріске салған инвестициясы шығынға ұшырап, жоспарланған жаңа жұмыс орындары ашылмай, керісінше жұмыссыз қалған жүздеген отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы нашарлауы мүмкін. Бұл мәселенің бұдан да бөлек тағы бір түйткілді жағы бар.

Азаматтық кодекске және «Инвестициялар туралы» заңнамаға сәйкес инвестор мемлекеттік органның заңсыз шешімі кесірінен шеккен нақты шығынын және айырылып қалған пайдасын (алынбай қалған табысын) талап етуге құқылы. Жауапкершілік бойынша шығынды заңсыз шешім қабылдаған нақты мемлекеттік органның өзі емес, мемлекет бюджет есебінен өтейді. Өкінішке қарай қолданыстағы заңнама бойынша мұндай жағдайда заңсыз шешім шығарған жергілікті мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғалары ғана емес, талапкер мен жауапкердің арасындағы даулы істі қараған судьялар да жауапқа тартылмайды. Ал мұндай даулы мәселелерден мемлекетке келген шығынның көлемін әзірге ешкім есептеп отырған жоқ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

№ 80 (3907)
23 қазан 2026 жыл
zangazet@mail.ru

МӘСЕЛЕ

БАЛАНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫН ҰРЛАҒАН КІМ?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Екінші жағынан, интернеттің білім алуға беретін мүмкіндіктерін де ескерген жөн. 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасында «Kazakhstan Kids Online» зерттеуіне сүйене отырып, балалардың шамамен 60 пайызы интернетті оқу мақсатында пайдаланатыны көрсетілген. Балалардың смартфонға қызығушылығы артқан сайын ата-аналар арасында алаңдаушылық та күшейе түсуде. Бірі телефонды мүлде алып қоюды дұрыс көрсе, енді бірі баланың цифрлық әлемге бейімделуін табиғи құбылыс деп қабылдайды. Ал психологтар бұл мәселеге баланың ішкі жан дүниесі мен отбасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қарау қажет дейді.

Психотерапевт және балалар психологы Ахгуль Хусаянның пікірінше балалардың мінез-құлқын бұрынғы ұрпақпен салыстырып бағалау дұрыс емес. Технологиялық дәуірде балалар қысқа уақыт ішінде бұрынғыдан әлдеқайда көп ақпаратпен бетпе-бет келеді. Олардың мінез-құлқына цифрлық ортадан бөлек, ата-ананың үміті, ересектердің талабы және айналасындағы әлеуметтік жағдай да әсер етеді. Психолог бала уақытын технологиялық құрылғылармен қалай өткізетінін бағалағанда, оның мінез-құлқына тигізетін ықпалына назар аудару маңызды екенін түсіндірген. Мұнда көпшілікті ойландыратын мәселе бар. Неліктен кейбір балалар телефонды қолынан алғанда ашуланып, ата-анасының талабына қарсылық білдіреді? Мұндай әрекетті бірден тәуелділіктің белгісі деп санауға бола ма?

Ахгуль Хусаян ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынастың ерекше маңызын атап өткен. Оның түсіндіруінше, бала ересектермен қауіпсіз байланыс орната алмаған жағдайда қарсылық көрсетуі, тұйықталуы немесе олардан алшақтауы мүмкін. Егер бала ата-анасынан тек тыйым мен жазалау күтсе, интернетте бастан өткерген жағымсыз оқиғаларды жасыруы мүмкін. Ал сенімді қарым-қатынас қалыптасқан отбасында баланың қиындықтарын ересектермен ашық талқылауына мүмкіндік көбірек болады. Сондықтан мәселені шешудің алғашқы қадамы баланың қолындағы смартфонды тартып алу емес, онымен сөйлесе білу керек.

Әлеуметтік желідегі танымалдық баланың өзін-өзі бағалауына әсер ете ме?

Жасөспірімдік шақта адамның өзін өзгелермен салыстыруы, құрдастарының пікіріне мән беруі қалыпты құбылыс. Ал әлеуметтік желілер бұл салыстыруға жаңа мүмкіндік берді. Бұрын жасөспірім өзін негізінен сыныптастарымен немесе достарымен салыстырса, қазір әлемнің кез келген нүктесіндегі адамның өңделген суретін, жетістігін немесе күнделікті өмірін көре алады. Әлеуметтік желіде көпшілік көбіне өмірінің жағымды сәттерін жариялайды. Сәтсіздіктер, қиындықтар мен күнделікті күйбең тіршілік кадр сыртында қалуы мүмкін. Мұндай контентті үнемі көру кейбір жасөспірімдердің сыртқы келбетіне немесе өз мүмкіндіктеріне көңілі толмауына ықпал етуі ықтимал.

Американдық психологиялық қауымдастықтың жасөспірімдердің әлеуметтік желіні пайдалануына қатысты ұсынымдарында сыртқы келбетке негізделген әлеуметтік салыстырудың тәуекелдеріне ерекше назар аударылған. Дегенмен, әлеуметтік желінің әсері әр балада бірдей болмайды. Оның эмоциялық жағдайына отбасындағы қолдау, құрдастарымен қарым-қатынас, жеке ерекшеліктері және көретін ақпараттың мазмұны ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік желідегі лайк санын немесе жазылушыларды жасөспірімнің психологиялық жағдайын анықтайтын жалғыз көрсеткіш ретінде қарастыруға болмайды.

Интернеттегі қауіптің бәрі көзге көрінбейді

Цифрлық ортадағы мәселенің бірі – кибербуллинг. Ол әлеуметтік желі, мессенджер мен басқа да интернет платформаларында адамды қорлау, қорқыту, мазақ ету немесе әдейі кемсіту әрекеттерін қамтиды. Мұндай жағдайлар баланың көңіл-күйіне, қауіпсіздік сезіміне және әлеуметтік қарым-қатынасына кері әсер етуі мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2024 жылғы есебінде 2022 жылы Еуропа, Орталық Азия және Канададағы 44 ел мен өңірден 11, 13 және 15 жастағы 280 мыңға жуық жасөспірім қатысқан зерттеу нәтижелері жарияланды. Зерттеу бойынша әлеуметтік желілерді проблемалық пайдалану белгілері байқалған жасөспірімдердің үлесі 2018 жылғы 7 пайыздан 2022 жылы 11 пайызға жеткен.

Бұл көрсеткіш Қазақстандағы балалардың жағдайына қатысты емес. Дегенмен, халықаралық деңгейде цифрлық ортадағы тәуекелдерге назар аударылуы керек. Әлеуметтік желіні проблемалық пайдалану дегеніміз оны жиі қолдану дегенді білдірмейді. Баланың онлайн қауіпсіздігі туралы сөз қозғағанда, бейтаныс адамдармен байланыс орнату, интернеттегі қысым көрсету жағдайын да ескерген жөн. Осы себепті балаларға желідегі ақпараттың шынайылығын тексеруді, жеке деректерін қорғауды, қауіп төнген жағдайда ересектерден көмек сұрауды үйрету маңызды.

Баланың дамуы тек білім алу немесе цифрлық сауаттылықпен өлшенбейді. Оның дене қозғалысы, ұйқысы, демалысы, достарымен қарым-қатынасы және ойын арқылы қоршаған ортаны тануы да маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2019 жылғы ұсынымында екі жастағы және 3-4 жастағы балалардың қозғалыссыз отырып экран қарау уақытын тәулігіне бір сағаттан асырмау керектігі көрсетілген. Ал бір жастағы балаларға мұндай экран уақыты ұсынылмайды. Бұл талаптардың бес жасқа дейінгі балаларға арналғанын ескеру қажет. Оны барлық оқушыға қолдануға болмайды.

Баланың телефонын толық бақылауға ұмтылған ата-ана кейде оның жеке кеңістікке деген қажеттілігін ескермей қалуы мүмкін. Ал шектен тыс еркіндік беру интернеттегі тәуекелдерді өз бетінше бағалай алмайтын жас пайдаланушыны қорғансыз қалдыруы ықтимал. Мұндай жағдайда баланың жасына сай ортақ ережелер белгілеу, интернеттегі қауіптерді түсіндіру және отбасындағы сенімді қарым-қатынасты сақтау маңызды.

Балалардың цифрлық қауіпсіздігі мемлекеттік деңгейде қаралуда

Қазақстанда балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мемлекеттік саясаттың да бір бағытына айналып отыр. Үкімет қаулысымен 2026 – 2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы бекітілді. Құжатта балаларды цифрлық ортада қорғау мәселесіне арнайы назар аударылған. Онда интернеттегі қауіптерді азайту, балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру және ата-аналар мен білім беру ұйымдарының жауапкершілігін күшейту қажеттігі қарастырылған.

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін сот алдын ала тыңдауда анықтайды. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады. Сондықтан, сотқа жүгінерде талап қоюды уақытылы, заңда көзделген мерзімде беру өте маңызды.

ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮМЕН СОТҚА ЖҮГІНУ МЕРЗІМІ

Әкімшілік талап сотқа әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап немесе заңда белгіленген тәртіппен талап қоюшының назарына жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде беріледі. Егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделген немесе шағымды қарайтын орган болса, онда дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижесі бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қою адамға әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған, сондай-ақ әрекет жасау үшін заңда белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Тану туралы талап қою сотқа тиісті құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде беріледі. Бұдан былай заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тану туралы талап адамға осы акт арқылы оның құқығы, бостандығы мен заңды мүддесі бұзылғаны туралы мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде мәлімделуі мүмкін.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің заңдылығына дау айту туралы талап қою осы актімен талап қоюшының Конституциямен және заңдармен кепілдік берілген құқығы, бостандығы мен заңды мүддесінің бұзылғаны және (немесе) ықтимал бұзылуы туралы өзіне белгілі болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа беріледі.

Сот орындаушысының әрекетін немесе әрекетсіздігін даулау туралы талап атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органының не оның бөлімінің немесе жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының не жеке сот орындаушысының шешімі алынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі. Ал, құқығы, бостандығы мен заңды мүддесі әкімшілік актіде қозғалатын, бірақ әкімшілік рәсімге қатыспаған адам әкімшілік актінің қабылданғаны туралы білген немесе білуі мүмкін болған күннен бастап бір ай ішінде сотқа талап қоюды беруге құқылы.

Шағымды қарайтын органға шағым берген



Асылхан АБИЛГАЗИНА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

адам шағым бойынша шешім табыс етілген кезден бастап бір ай ішінде не шағымды қарау мерзімі өткен соң, егер шағым бойынша шешім қабылданбаса, талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы. Егер заңда белгіленген мерзім дәлелді себеппен өткізіп алынса, онда мерзім Азаматтық процестік кодекстің қағидалары бойынша қалпына келтірілуі мүмкін. Талап қоюшы сотқа жүгіну мерзімін дәлелді себепсіз өткізіп алса не сот талап қоюды беруге өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіруден бас тартса талап қою қайтарылады.

Өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіруден бас тарту туралы соттың ұйғарымына жеке шағым берілуі, прокурордың өтінішхаты, наразылығы келтірілуі мүмкін, ал процестік мерзімді қалпына келтіру туралы соттың ұйғарымы шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды.

КЕСЕЛ

МАС ЖҮРГІЗУШІ МАҢАЙЫНА ҚАТЕР



Раушангүл ҚАЙЫП,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сот әкімшісі басшысының орынбасары

Бүгінгі таңда Сыр өңірінде, соның ішінде Қызылорда қаласында автокөлік құралдарының саны артып келеді. Бұл – аймағымыздың экономикалық әлеуеті мен тұрғындардың әл-ауқатының артқанының белгісі болғанымен, екінші жағынан жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін бірінші орынға шығарып отыр. Осы ретте, заң бұзушылықтың алдын алуда және құқықтық мәдениетті қалыптастыруда Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының рөлі өте орасан зор.

Әкімшілік сотта қаралатын істердің ішінде қоғам үшін ең қауіптісі де, әлеуетті салдары ауыр болатыны да – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабы. Бұл бап жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқаруын айқындайды. Өкінішке орай, «ішімдік ішіп рөлге отырудан ештеңе бүлінбейді, ұсталмаймын» деген жаңсақ әрі тым жеңілтек түсініктен арыла алмай, өзгенің де, өзінің де өмірін қатерге тігетін азаматтар әлі де кездеседі. Ресми мәліметке сүйенсек, біздің сотқа тыңдырісіне осы 608-бап бойынша 312 іс түсіп, заң шеңберінде мұқият қаралды. Бұл – жай ғана құрғақ цифр емес, бұл жол үстіндегі жүздеген потенциалды апаттың алдын алу, қаншама адамның өмірін арашалап қалу деген сөз.

Мемлекет тарапынан бұл бағыттағы заңнама талаптары уақыт өткен сайын қатаңдатылып келеді. Мұндай қатаң шараның мақсаты – заң бұзушыны тек жазалап қоймай, қоғамда «құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» қағидасын орнықтыру. Сот әкімшілігінің басқару буыны ретінде міндетіміз – сот төрелігінің сапалы, ашық және қолжетімді болуын ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету. Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігінің құрылғанына көп уақыт бола қоймаса да, сот жүйесі толықтай заманауи цифрлық форматқа көшті. Мемлекеттік органдармен, соның ішінде ішкі істер департаментімен интеграцияланған «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы жол ережесін бұзуға қатысты электронды хаттамалар сотқа секунд ішінде түседі. Цифрландырудың арқасында сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылды, себебі сот отырысының барысын өзгерту немесе істі созбалаңға салу мүмкін емес. Сонымен қатар, қашықтан қатысу мүмкіндігі азаматтардың уақытын үнемдеп, сот билігінің ашықтығын арттыра түсті.

Алайда, ең озық технологиялар, мінсіз ұйымдастырылған сот жұмысы және ең қатаң заңдар да жүргізушінің ішкі мәдениеті мен жеке жауапкершілігін толық алмастыра алмайды. Көлікті мас күйде басқару – бұл тек әкімшілік айып емес, бұл қылмысқа жасалған алғашқы қадам. Көлік рөліне отырған әрбір азамат өзінің ғана емес, жолда жүрген бейбіт тұрғынның өміріне жауапты екенін терең түсінуі тиіс.

Жол ережесін сақтау – әрбір саналы азаматтың парызы. Тәртіп бар жерде қауіпсіздік бар, ал қауіпсіздік бар жерде берекелі өмір бар. Ал біздің сот әкімшілігі алдағы уақытта да Қызылорда қаласында заң үстемдігі мен әділдіктің салтанат құруына, сот өндірісінің мінсіз жүруіне қызмет ете береді.

ӘРТҮРЛІ

4. «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС Қызылорда қаласындағы филиалы кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Сауда-саттық 02.11.2026 жылы сағат 12:00-де Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата көшесі, 62А үй, 11-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

№ 1-лот: Mercedes G-class маркалы автокөлік, 2001 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 243 AFP 11, VIN: WDB4632481X123730, қозғалтқыш көлемі – 5,0 л, түсі – қара, бастапқы бағасы – 6 508 000 теңге;

Аталған мүлік Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 62А мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Қоқыт Ата көшесі, 62А үй, 11-кеңсе. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС Қызылорда қ-ғы филиалы кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Қызылорда қаласы, Панфилов көшесі, 23-үй, анықтама тел. +7 705 766 28 22, төлем реквизиттері ИИК KZ5496525F0008192479 «ForteBank» АҚ, БИК IRTYKZKA.

12. «UlyAimak» ЖШС (БСН 150840014622) жарғылық капиталын 50 000 000 (елу миллион) теңгеге дейін азайтатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Нұрлы Жол көшесі, 39-үй.

17. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 12 қазандағы ұйғарымымен «Магнат Строй Инжиниринг» ЖШС-не (БСН 010540016580) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Кредиторлардан өз талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша ұсыну сұралады: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 7, 2-қабат. Электрондық пошта: magnatstroi.info@gmail.com, sapar_11111@mail.ru. Тел. +7 702 444 68 55, +7 705 264 89 33.

21. «ADS Development» ЖШС (БСН 100740002824) өзінің «Aida Construction Company» (Аида Констракшн Компани) ЖШС-не (БСН 060540005079) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуы туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы шағынауданы, Кенесары хан көшесі, 54/15-үй, тел. +77022229555.

23. Ақтөбе қалалық соты, Торембетов Жасулан Тайгановичті (туған күні: 15.01.1991, туған жері: Ақтөбе) қайтыс болған деп тану туралы азаматтық істі қарауда. Оның тұрған жері туралы мәліметі бар адамдардан сотқа немесе арыз беруші Сундетбаев Еламан Ермагамбетовичке +77710697879 хабарласуы сұралады.

28. «Донецкое коллективное хозяйство» ЖШС 2026 жылғы 25 қарашада сағат 11:00-де ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, А. Пушкин көшесі, 22-үй, 1-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан кеңсе ғимаратында «Донецкое коллективное хозяйство» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Жалпы жиналыстың күн тәртібі: – «Донецкое коллективное хозяйство» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімі шеңберінде санациялаушыны енгізу мәселесін қарау және бекіту.

30. Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 7 қазандағы ұйғарымымен «ЭлитПерспективСтрой» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

31. Алматы қаласы МАЭС-і 13.10.2026 жылдағы ұйғарымымен «EMT Company» ЖШС-не қатысты (БСН 180640007073) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сыпатаев көшесі / Мыңбаев көшесі, 121/50-үй. Тел. +7 701 555 4972.

32. «МИК Ломбард» ЖШС кепілге қойылған алтын бұйымдарын өткізу бойынша сауда-саттық өткізеді. Сауда-саттық 2026 жылғы 30 қазаннан 10 қараша, 20 қараша және 30 қараша аралықтарында сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін Астана қаласы, Әнет баба көшесі, 11/2, ТЕУ 15 мекенжайында өтеді. Тел. +7 777 955 08 35.

33. Астана қаласы әкімдігінің «№114 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 250440021196) Астана қаласы әкімдігінің «№114 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.10.2026 ж. №107-3521 қаулысы негізінде. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Ілияс Жансүгіруұлы көшесі, 1 уч. Тел. 8 775 005 3719.

ТАРАТУ

5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Үкіатқан бастауыш мектебі» КММ Ұзынкөл ауданының Үкіатқан ауылы, Молодежная көшесі, 6-ғимаратының таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл ауылы, Абай көшесі, 70, тел. 8 (714 44) 2 42 35, ЖСН: 020840002127.

11. «ABK Internationa» («ЭйБиКей Интернешнл») ЖШС (БСН 110840015435) серіктестіктің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 192-үй. Тел. +7 701 206 80 04.

14. «QazAstau» ЖШС (БСН 260240011153) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050000, Орбита-2 шағынауданы, 37-үй, 14-пәтер. Тел. +77472400040.

15. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның білім бөлімі» КММ «Березовка негізгі орта мектебі» КММ (БСН 991240002664) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, СҚО, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Березовка ауылы, Школьная көшесі, 4-ғимарат, тел. 87153521135 мекенжайында қабылданады.

18. «Yuntianhui Building Materials Co.,» ЖШС (БСН 261040002695) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Бөкейханов көшесі, 510Б үй, 516-пәтер.

19. «Оригинал Плюс» ЖШС (БСН 050240010855) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Темірлановская тас жолы, 10Б, тел. +77012388364.

20. «АКБАР» ЖШС (БСН 970340002811) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Темірлановская тас жолы, 10Б, тел. +77012388364.

24. «ТОВ-НАУРЫ» ЖШС (БСН 241140025307) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 32 Б ықшамауданы, 4-үй, 56-пәтер.

25. «Майлибай» ЖШС (БСН 231040016461) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Жетіқара қаласы, 11-ықшамауданы, 13-үй.

26. «Үміт-Шуақ» ЖШС (БСН 221140047443) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Ынтымақ-2 шағынауданы, 1820-ғимарат, индекс 160000.

27. «Иманды жүрек» қоғамдық қайырымдылық қоры (БСН 190440022329) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Асықата кенті, Қ.Ысқақов көшесі, 38А құрылыс, индекс 161200.

29. «Вкусноедим» ЖШС (БСН 201140021565) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Барибаева көшесі, 43/2, 11-пәтер. Тел. 87072100051.

34. Ұлытау облысы Білім басқармасының Жаңарқа аудандық білім бөлімінің «Жомарт бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 051240010342) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Абай көшесі, 37. Тел. 87103021059.

МҰРАГЕРЛІК

8. 02.08.2026 ж. Тулендиев Айтмолданың қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Алатау қаласы, Жетіген шағынауданы, Ш.Уәлиханов көшесі, №117А мекенжайы бойынша, нотариус А.К.Курымбаеваға хабарлассын. Тел. 8 775 851 12 12, 8 747 319 50 09.

9. 22.03.2026 ж. қайтыс болған Бегалиева Гулшахардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

10. 05.05.2026 ж. қайтыс болған Сарбасов Нұрболат Қайырбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

13. 2026 ж. 20 сәуірде Буркутбаев Мухаметкалий Терликпаевичтің қайтыс болғанына байланысты нотариусте мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлер Астана қаласының нотариусы Сәметқызы Айнұрға хабарласуын сұраймыз. Мекенжайы: Астана қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 5-үй, т.е.ж. 3, БЦ Silk Way, 2-қабат, 9-кеңсе. Тел. +77025123288.

16. Нотариус Рахымберлиева Лаура Нурлановна (лицензия №22014790 ҚР ӘМ-мен 12.08.2022 ж. берілген) хабарлайды: 18 мамыр 2026 жылы қайтыс болған Искакова Гульмира Кенжебаевнаның артынан (17.09.1973 ж.т.) мұралық істің ашылғандығын және оның мұрагерлеріне, Атырау қаласы, Нұрсая ықшамауданы, 58-үйде орналасқан нотариустың №1-кеңсесіне хабарласулары сұралады. Тел. +77012458588.

2. Ақтөбе облыстық сотының судьялар корпусы мен Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Павлодар облыстық сотының төрағасы Серік Кеңесұлы Төлегеновке қызы

Төлегенова Жібек Серікқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

3. Павлодар облысы соттарының, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Павлодар облысы бойынша филиалының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі Павлодар облысы бойынша департаментінің ұжымдары, Павлодар облыстық сотының төрағасы Серік Кеңесұлы Төлегеновке, қызы

Жібек Серікқызы Төлегенованың

қайтыс болуына байланысты, орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

22. Қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сотының ұжымы судья Дина Нұрболатқызы Тұхфатоваға анасы

Шайзада Қабдлашімқызы Скаковаңың

қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

6. Қызылша жұқпасы эпидемиологиялық жағдайы бүгінгі күні әліде алаңдатуда, өйткені қызылша жұқпасының тіркелу қарқыны төмендегенімен әлі де жұқпа көзі ортамызда бар.

Негізінен Қызылшамен ауырып отырған орта, ол 14 жасқа дейінгі балалар, уақытылы екпені алмаған, негізгі себеп болып біріншіден ата-анасының екпеден өз көз қарастарына байланысты бас тартуы, екіншіден медициналық шектеулер, сонымен қатар балалардың екпе жасына келмегендігі болып отыр.

Қызылша жұқпасына келетін болсақ – бұл антропоноздық жедел вирустық жұқпа, өте жоғары контагиозды, қызылша жұқпасына шалдыққан науқас адамнан сау адамға ауа тамшы арқылы беріледі (яғни сөйлесу барысында, науқас түшкіргенде, жөтелгенде, науқаспенен бір бөлмеде болғанда, жұқтыру пайызы 90пайыз).

Клинкалық көрінісі – вирустық жұқпа болғандықтан, катаральдық белгілері – дене қызуының көтерілуі, делсалдылық бастың ауруы, жөтел, көздің шырышты қабатының қабынуы(коньюктивит), қызылша жұқпасына тән папульездық бөртпенің ретімен яғни бетінде, құлақ артында, одан денеге, содан соң қол-аяғына түсуімен ерекшеленеді, тағы бір осы қызылшаға тән ерекшелігі ауыз қуысында екі ұртында ақ дақтың БФК деп айтамыз (Бельского,Филатова, Коплика) пайда болуымен ерекшеленеді.



Жұқпа көзі науқас адам, жұқпа көзі қай кезде қауіпті, осы катаральдық кезеңіне дейін, бөртпе пайда болғаннан кейінгі 5-7 күн, егерде пневмония қосылса соңғы 10 күн ішінде науқас жұғу көзі болып табылуы мүмкін, инкубациялық кезеңі қысқа есеппен 7-15, ең ұзақ-28 күнге дейін созылуы мүмкін. Орта есеппен 21 күн

Асқынулар – қызылша жұқпасы ауыр асқынуларға алып келуі жоғары – өкпенің қабынуы, ауыр энцефалопатия яғни жүйке жүйесінің аурулары, көз ауруларына кейінгі соққырлыққа, ішкі ағзалардың асқыну процестеріне алып келеді.

Алдыны алу шараларына

1. Науқасты жұқпалы ауруханаға жатқызу (шектеу жұмыстарын жүргізу)

2. Науқаспен қарым-қатынаста болғандарды анықтау, олардың иммундық статусын сараптап, қажет жағдайда эпид.көрсеткішпен егу жұмыстарын жүргізу, ошақта 30 жасқа дейінгілердің екпесі болмаған жағдайда 72 сағат ішінде егу жұмыстарын жүргізу қажет;

3. Қарым қатынастағылардың ішінде күдікті науқастарды дер кезінде анықтау үшін 21 күн сапалы медициналық бақылау жүргізу

4. Үй, жұмыс, оқу орындарында және де науқастың белгілі ұйымдастырылған орындарында, ошағында, желдету процестеріне, тазалыққа көңіл бөлу қажет;

5. Катаральдық клиникалық көріністері бар науқастарды ұйымдасқан орындарға жібермеу, яғни медициналық қызметкерлермен, оқытушылармен фильтрді сапалы жүргізу қажет;

6. Ұйымдасқан орындарда көпшілік жиналатын жерлерде қызылшамен анықталған науқастар болған жағдайда күрделі ойын сауық шараларға жол бермеу;

7. Көпшілік жерлерде ара қашықтықты сақтау, бет перде қолдану, жөтеліп түшкіргенде жеке бас гигиенасын сақтау шараларын қолдану

ҚЫЗЫЛША ЖҰҚПАСЫН БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ УАҚЫТЫЛЫ ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ ЕКПЕ АЛУ

ҚР Ұлтық екпе жүргізу күн тізбесіне сай жоспарлы түрде егу жұмыстарын жүргізу арнайы 12-15 айлық, яғни 1 жастағы балалар арасында қызылшаға қарсы алғашқы екпесі жүргізіледі, ревакцинациялау 6 жасында егіледі. Екпе ККП вакцинасымен жүргізіледі, бұл осы қызылша қызамық партititке қарсы 3 аралас компоненттен тұратын вакцина, Дүниежүзілік ұйымдасқан Денсаулық сақтау ұйымдарымен сертификатталған, вакцина елімізде тіркеуден өткен, қалада вакцина ақысыз жүргізіледі.



ЕКПЕ ҚЫЗЫЛШАНЫ ЖҰҚТЫРУДАН, СОНДАЙ АҚ АСҚЫНУЛАРДАН САҚТАЙДЫ. ӘР БІР АЛЫНҒАН ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ КӨМЕК БЕРІП ИММУНДЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТАДЫ.

Біріге осы қызылша жұқпасын жоюға ат салысыңыздар!

Әуезов аудандық санитария эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Жансеитова Меруерт Шаимерденқызы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Ақсуат ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім және конкурстық ұсыныстар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1-бабының талаптарына және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрі – Қазақстан Республикасы Премьер – Министрі орынбасарының 2018 жылғы №518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу» қағидаларына сай келуі тиіс.

Конкурсқа өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2026 жылдың 23 қарашасынан бастап он бес жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады. Мекенжайы: АО Ақсуат ауданы Ақсуат ауылы, Абылай хан көшесі, 13 орналасқан «Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 110 кабинеті мекенжайы бойынша жүзеге асырылады , телефон 8 (72346) 2-10-43.

Ескертпе

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық өтініштерімен конверттерді ашу және қорытындыларын шығару **2026 жылдың 14 желтоқсан күні сағат 10.00-де** Ақсуат ауылы, Төлегетай баба көшесі,1 мекенжайы бойынша (аудан әкімінің ғимаратында) өтеді.

Конкурс мынадай жағдайда өтпеді деп танылады.

1) конкурсқа қойылған әрбір жер теліміне екі өтінімнен кем түссе;

2) конкурсқа қойылған әрбір жер телімі бойынша конкурсқа қатысуға екі қатысушыдан кем жіберілсе.

Ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру жөнінде конкурсқа шыққан жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Жалпы алаңы гектар	Лоттар №	Жалға беру мерзімі жыл	Жер учаскесінің орналасқан жері,есеп кварталы	Орналасқан жері
1	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	173,7	112	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі23-333-050	Құмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 12,8 км
2	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	24,6	113	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Қарғыба ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7,6 км
3	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық, шабындық	60,6	114	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Құмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 7,1 км
4	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	598,8	115	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Құмкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 18,2 км
5	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	19,3	116	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Қарғыба ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 4,3 км
6	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	0,7	117	25 жыл	Құмкөл ауылдық округі 23-333-050	Құмкөл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 14,1 км
7	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	44,1	118	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Томар ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9,0 км
8	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	51,3	119	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 9,3 км
9	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	279,6	120	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 17,3 км
10	Бекітілген жер көлемі га, Тынайған жер, Жайылымдық	349,7	121	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ойшілік ауылынан оңтүстікке қарай 6,3 км
11	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	301,4	122	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-048	Ақжал ауылынан оңтүстікке қарай 0,9 км
12	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	623,1	123	25 жыл	Ойшілік ауылдық округі 23-333-034	Томар ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4,3 км
13	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	289,8	124	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Екпін ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 64,1 км
14	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	9,9	125	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Аққала ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11 км
15	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	9,6	126	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Аққала ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 15,3 км
16	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	99,1	127	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Ақжал ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 28,2 км
17	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	85,6	128	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Ақжал ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 29,9 км
18	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	132,6	129	25 жыл	Екпін ауылдық округі 23-333-045	Ақсуат ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 64 км
19	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	369,7	130	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Жәнтікей ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8 км
20	Бекітілген жер көлемі га, Егістік	19,9	131	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакелді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 2,0 км
21	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	211,3	132	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Жәнтікей ауылынан солтүстік-батысқа қарай 7 км
22	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	709,3	133	25 жыл	Ырғызбай ауылдық округі 23-333-041	Қожакелді ауылынан солтүстік батысқа қарай 21,7 км
23	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	17,4	134	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Үштөбе ауылынан солтүстікке қарай 9,9 км
24	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	697,2	135	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Қызылкесік ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 14 км
25	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	683,9	136	25 жыл	Қызылкесік ауылдық округі 23-333-055	Қызылкесік ауылынан батысқа қарай 26,5 км
26	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	1082,4	137	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Қызылкесік ауылынан солтүстікке қарай 8,6 км
27	Бекітілген жер көлемі га, Шабындық	9,4	138	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 10 км
28	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	708,8	139	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан шығысқа қарай 24,0 км
29	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	149,4	140	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Сарыбұлақ ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 8,4 км
30	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	441,1	141	25 жыл	Кіндікті ауылдық округі 23-333-039	Кіндікті ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10,4 км
31	Бекітілген жер көлемі га, Жайылымдық	1054,7	142	25 жыл	Сатбаев ауылдық округі 23-333-043	Қожакелді ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,6 км

БАЙҚАУҒА!

АЛДАНҒАН АРМАН

Департаментке барар кезде Абылайдың көлікті тұраққа қойып, жиырма минуттай парк ішінде жүретін әдеті. Таңғы ауа жаныңды сергітіп, тынысыңды ашады. Әрі тыныш жерде жалғыз жүру қарбалас тірліктің қатпар-қатпарында қалып кеткен кем-кетікті қайта бір сүзгіден өткізуге таптырмас мүмкіндік. Құстардың әніне құлақ қойып, паркте жағалай отырғызылған гүлдерге сүйсіне қараған Абылай қарсы алдында келе жатқан әйелдің өзіне қайта-қайта көз тастап, жетегіндегі балаға әлдене айтып жатқанын байқап қалды. Қызметтік формадағы полицейлерге балалардың қызығатыны бұрыннан белгілі. Бірақ мына қызығушылықтың жөні басқа. Арақашықтық жақындаған сайын өзіне іш тарта күлімдеген әйелдің жүзіне қарап оған көзі жете түскендей... Кім еді? Қайдан көріп еді бұл әйелді? Кәнігі ізкесушінің көз алдынан суреттер тізбектеліп өтіп жатыр. Жасы 35-40-тар шамасында. Бидай өңді, қиғаш қасты, жымиғанда оң жақ бетінің шұңқыры кіріп кететін мына бір сүйкімді келіншекті қайдан көрді? Таныс, өте таныс...

Мұның қастары түйіліп, ойлана көз тастағанынан-ақ шырамыта қоймағанын аңғарған әйел:

– Абылай Әзімханұлы, мен Ботамын ғой... Ұмытып қалдыңыз ба? Баяғы зергерлік дүкендегі оқиға есіңізде шығар? – деді самбырлап.

«Зергерлік дүкен» дегеннен-ақ Абылайдың есіне осыдан он бес жылдай бұрынғы оқиға сарт ете түсті. Киноның картинасындай тізбектеліп өткен кадрлар полковник Қайсеновті сол жылдарға, сол ширыққан сәттерге жетелей жөнелген...

* * *

...Абылай Қайсеновтің Алматы қалалық полиция департаментіндегі Криминалдық полиция бөліміне жаңадан басшы болған кезі еді. Тұрғыны мен қонағы көп қалада қылмыс аз емес. Алайда қорқаулардың аңдитыны түн мен таса жер болғандықтан, былайғы жұрт қаладағы мазасыз тірлікті біле бермейтін. Тек шаңқай түсте қаланың дәл ортасындағы зергерлік дүкенде атыс болып, өрімдей жас қыздың оққа ұшуы мүлгіген жұртты дүр сілкіндірді. Содан бері талай уақыт өтсе де бұл оқиғаны тергеудегі әр деталі Абылайдың санасында жаңғырып тұр.

Полицияның кезекші бөліміне дабыл 13:18-де түскен. 3 минут өткеннен кейін күзетші полицияға қоңырау шалып, екі адамға оқ тигенін айтады. Дабыл түсісімен оқиға орнына жеткен екі патрульдік полиция жасағы куәлардың нұсқауымен күдіктілер мінген ақ аудиге қатысты ақпаратты алып, көлікті іздеуді бастап кетеді. Ол кезде қазіргідей қаптаған бейнекамера жоқ. Біреу оңға кетті, біреу солға кетті деген соң, әр қуысты сүзіп шыққан патрульдер тек екі сағаттан кейін ғана ақ аудиді жеке тұрғын үйлердің қалтарысынан тауып алған болатын. Алайда саусақ таңбасын, ерекше иісті іздеген сарапшылар бос қайтты. Күдіктілердің қолғаппен жүргені түсінікті, ал иістен жаңылдыру үшін салон ішіне көп мөлшерде автол майын құйып кеткен екен...

Зергерлік бұйымдар дүкенінен де іліп алар дерек табылмады. Сарапшылар кешке дейін жұмыс істегенімен, саусақ бедері кездеспеді. Дүкендегі үш камераны сүзіп қараған ізкесушілер масканың артындағы қылмыскерлерді анықтау мүмкін еместігін түсінді. Тіпті адам көп жүретін жер болса да, түс мезгілінде дүкенді тонаған үшеудің бет-бейнесі, ерекше белгілері ешкімнің есінде қалмаған.

Дәл шекеден оқ тиіп, тіл тартпай кеткен қыздың енді ештеңе айта қоймасы белгілі, ендігі үміт – аяғы жараланып ауруханаға жатқызылған күзетшіде ғана.

Қала шулап жатыр, Полиция басқармасының басшысы осымен үш рет қоңырау шалып, жағдайды тәптіштеп сұрап әлек. Жақында ғана Алматы полициясына басшы болып келген генерал Садуақас Сартайұлына қалай да нәтиже керек екені түсінікті. Өкінішке орай, бұларда күдіктіні жедел ұстамақ түгілі, сол қылмысқа сәуле түсіретін дәлел де, дерек те жоқ. Қашаннан шындықты айтуды ұнататын Қайсеновтің рапортына генералдың көңілі толмады.

– Абылай Әзімханұлы, мен сізге сенем. Бар күшіңізді салыңыз! – деді жас генерал бар болғаны.

* * *

«Ювелир» ісі бойынша жедел топ құрған Қайсенов бұл құрамды басқаруды тәжірибелі тергеуші Бек Талғатовқа тапсырды. Сенімді екі жедел уәкілді таңдауды Бектің құзырына салып еді, ол бұған дейін де қанаттас жұмыс істеген Қайрат Бектеміров пен Сырлан Өктемұлын тобына аттай қалап қосып алған. Талайдан бері бұл үшеуінің табиғаты ұқсас, ізденімпаз маман екенін Абылай да байқап жүрген.

– Ал, қырандарым, генералдың осы екі сағаттың ішінде үш рет қоңырау шалып үлгергенін байқадыңдар. Тездетіп



қимылдап, қарақшыларды таппайынша тыныштық болмайды. Бек, – деді өзінен тапсырма күтіп отырған тергеушіге қарап, – сендерге барлық мүмкіндік беріледі. Не керек күн демей, түн демей хабарласып, сұрай бер!

– Рақмет, Абылай Әзімханұлы. Өзіңізбен бірге зергерлік дүкенді қарап, есігін жауып мөрлеген соң, екінші күзетші мен сатушы қыздың бірін осында алдырған едік. Оқ тиген күзетші қазір ауруханада. Дәрігерлерге жанына ешкімді жақындатпауды тапсырдым. Дегенмен, жағдай анықталғанша күзетпен қамтамасыз етуге рұқсат берсеңіз жақсы болар еді, – деді Бек.

– Күдіктілердің түр-әлпетін байқап қалса, іздеп келіп қастандық жасайды деп ойлап тұрсың ба? – деген Абылай тергеушінің мақұлдауынан кейін арнайы жасақтың басшысына хабарласып, реанимацияны күндіз-түні күзетуді тапсырды.

– Полковник жолдас, зергерлік дүкенге жақын кеңсе, үйлердегі тұрғындарды сұрағаннан ешқандай нәтиже шықпады. Ешкім күдікті нәрсе байқамаған. Тіпті жаңа жылдың қарсаңы болғандықтан екі рет атылған оқты да тұрғындар петарда атқан балалардың әрекеті деп түсінген. Аяз ата маскасына да көпшіліктің назар аударғаны содан болар. Ал ақ аудидан саусақ ізі табылмағанымен, көліктің жанына 43-өлшемдегі етіктің ізі анық түсіп қалған. Әттең, көліктің бергі жағынан түскендердің ізін жүргіншілер таптап тастапты. Сондықтан әзірге тек бедері бөлек етікті ғана іске тігумен шектеліп отырмыз, – деген Бек басқарма дәлізінде күтіп тұрған күзетші мен сатушыдан жауап алуға рұқсат сұрады.

Бекті жіберген соң екі жедел уәкілдің учаскелік инспекторлармен бірге тұрғындардан алған түсініктеріне көңіл бөлген Абылай ұқсас жауаптарды сүзіп шықты.

– Сырлан, кеш батқанша аудидің иесін біліп, зергерлік дүкенге келгенге дейінгі маршрутын анықтауға тырысшы. Айналадағы камералардың жазбасын сұрат. Солардың бірі болмаса біріне қылмыскерлер бейнесі түсіп қалуы мүмкін. Ал Қайрат, сен жақын маңдағы дүкендердің сатушылары мен күзетшілерін сөзге тартып көр. Қылмыскерлер ұрлыққа үлкен дайындықпен келген. Яғни, олар киімдерін, бет-әлпеттерін өзгертіп, дүкеннің кіріп-шығар есігін зерттеп, алдын ала жоспар жасағаны даусыз. Тонау кезінде маскада болғанмен, бұған дейін зергерлік дүкеннің маңайына жиі келген, жан-жағына жіті мән берген жандарға назар аудару керек, – деген Абылай екі уәкілге ауқымды жұмыс тапсырған соң, өзі алғашқы анықтама, түсініктерді қайта парақтауға кірісті.

...Сыралғы сақшы бұл банданың бірінші қылмысы емес екенін біліп отыр. Бұлар дайындалған, өте қатты дайындалған! Тіпті минут, секундына дейін есептеген. Түскі үзіліс алдында жылдам кіріп, полиция келем дегенше айналдырған 8-9 минутта бүкіл сөредегі алтын-бриллианттарды үптеп, кассаның түгін қалдырмай тонаған қорқаулар машинаша жылдам қимылдаған. Абдырап, басу жоқ. Камера бар-ау, күзетшілер қару қолдануы мүмкін ғой деп саспаған. Өте әккі. Мұндай жағдайда жақын облыстар мен іргедегі аудандарға сұраныс жіберіп, ұқсас қылмыстардың орын алған-алмағанын білу маңызды. Сосын... ұрлық, тонау бабы бойынша сотталып, жақын күнде түзеу мекемесінен босап шыққандар тізімін алдырған жөн. Мына үшеуінің қимылы кәдік.

Дереу телефонды қолына алған Абылай ақпарат бөлімі мен кезекшіге екі тапсырма бойынша мәліметтерді тауып, жедел әкелуді жүктеді.

Бұл уақытта сатушы мен күзетшіден жауап алған Бек те келіп үлгерген еді.

– Абылай Әзімханұлы, мына екеуі де жарытып ештеңе айтпады. Сатушы жұмысқа әдеттегідей уақытта келген. Жұмыс та күндегідей өтіп жатқан. «Аяқ астынан ұрылар кірді, тапанша кезенді, есім шыққаннан сұрағандарын бердім» дейді. Тіпті дабылды да бұл емес, Мақпал басқан. Мақпал – жаңағы қайтыс болған қыз ғой. Ал күзетшінің оқиғасы тіпті қызық. Бір күн бұрын директор хабарласып, баласының тәртібіне байланысты шұғыл мектепке шақыртқан. Ақыры ол әріптесі Жолдашбекке өтініш айтып, өзін алмастыруды сұраған. Әріптесі келіскен. Мектепке барып, сыныптасымен төбелесіп қалған баласы үшін директор, сынып жетекшісімен қоса, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектордан сөз естіген күзетші түске таяу сыртқа шыққанда қалтасында қосалқы кілттің жүргенін байқайды. Не істеу керек? Кілтті бермесе, қожайыннан ұрыс еститіні анық. Соны түсінген ол автобусқа отыра салып дүкенге жеткенде түскі 1-ге жақындайды. Алаңсыз ішке өткен күзетші алдымен дәретханаға кірмек болған. Бірақ шығар кезде есіктің сырттан жабылып тұрғанын көреді. Тарсылдатып, көмекке шақырмақ болғанда бірінен соң бірі атылған оқ дауысын естиді. Одан кейін тапырлап әлдебіреулердің сыртқа асығыс шыққаны, артынша сатушы Әселдің жылағаны мен патруль полициясының келгенін естіген.

– Бек, мына күзетшіңнің сөзі онша сенімді шықпай тұр. Үшеуді ішке кіргізіп, өзі дәретханаға жасырына тұрмасына кім кепіл? Баласы оқитын мектепке хабарласшы. Директорын, ювенальды полицияның қызметкерін тап! – деген Абылай өзі ақпарат бөліміндегі мамандар жіберген соңғы деректерді салыстыруға кірісті.

Міне, қызық! Тура екі апта бұрын түс кезінде Қаскелеңдегі ломбард тоналған. Ұрылар саны – үшеу. Жедел қимылдаған қылмыскерлер айналдырған 10 минуттың ішінде барлық зергерлік заттарды алып, кассадағы ақшаны үптеп қарасын батырған. Бұл жолы да жалған нөмір таққан сұр ауди аудан орталығының қалтарыстау жерінен табылған. Бірден Қарасай ауданындағы қылмысты іздестіру бөліміне қоңырау шалды. Осы іске жауапты әріптесінің айтуынша, үш қылмыскер өте сақ қимылдаған, ешқандай із қалдырмаған. Көрші ауылдан ұрлап кеткен аудимен оқиға орнынан бой тасалаған олар көлікті Ұзынағаштың шетіндегі оңашалау жерге қалдырып, басқа көлікке мініп кеткен. Салонға автол шашып кеткендіктен, не саусақ ізін, не иіс белгісін таба алмаған.

Яғни, қылмыскер саны, қылмыс жасау мерзімі мен көлікті пайдалану әдісі ұқсап тұр. Тіпті аудиді неге таңдағандары да түсінікті. Ескі көліктердің ішінде қала мен аудандарда ауди, мазда, опелдердің көп екені шындық. Осының өзі қылмыскерлердің тым тәжірибелі, көп нәрсені көріп, зерттеп барып «охотаға» шығатынын аңғартатындай.

Әріптесіне іс материалдарының көшірмесін жіберуді сұраған Абылай келесі деректерді зерделеуге кіріскен. Осы кезде есік қағылып:

– Абылай Әзімханұлы, Талғардағы зергерлік дүкенге де өткен айда қарақшылық шабуыл жасалған екен. Сізге керек боп қалар деп мына деректерді бөлек әкелдім, – деген Айдана Қаппарова қара қарындашпен түртіп қойған мәліметті мұның алдына баппен қойды. Жүзінен «Мен молодеспін бе?» деп мақтау күткен сыңай байқалады. Жас маманға алғысын айтып, көтермелеп қойған Абылай бұл жерде де ұқсастықтың көбін көріп таңғалды. Ұқсастығы несі, Құдай-ау, тіпті егіз дерсің. Тағы да сол үштік. Тағы да маска. Тағы да ауди көлігі. Тек бұл жолы шабуылды түсте емес, дәл дүкен жабылуға 20 минут қалғанда жасаған. Бұл жолы тонаушылар қараңғылыққа сіңіп қарасын батырғанда ғана полиция патрулі оқиға орнына келіпті. Қарашаның қысқа күнінде тез кеш бататындықтан, күдікті көлікті де тек ертесі таңертең тапқан екен...

Яғни, үш оқиғаны түйіндесек – қылмыскер үшеу, егер көлікте бір адам күтіп отырған болса – күдікті саны төртке көбейеді. Ломбард, зергерлік дүкенді ың-шыңсыз үптеп кеткен қылмыскерлер әзірге ешқандай қателік жібермеген. Алғашқы екеуінде қару қолданбаған банданың соңғы істе қолын қандауына не себеп? Үшеуінде де полиция дабылды естіп барған, яғни, дабылды басқанына бола сатушы қызды өлтірді деуге негіз жоқ. Әлде күзетшінің құйтырқы әрекетін біліп қалғаны үшін алдымен сатушыны өлтіріп, артынша күзетшінің аяғын жаралады ма екен? Жалпы бұл топқа наводка беріп, жол сілтеп отырған кім? Бұл да әзірге жұмбақ.

Басын шеңгелдей ұстап үш оқиғаның арасындағы байланысты, күдіктілердің өзара таныстығын салыстырып көрген Абылай әбден шаршады. Үшеуіндегі күзет қызметін көрсететін компанияларды қарады, үшеуі үш түрлі. Бұл тұста байланыс жоқ. Үш нысанға да камераны қойған фирма біреу болуы мүмкін бе екен ә? Әлде жөндеу жүргізген, су тасыған компаниялар бірдей ме? Әйтеуір бір жерде ақпарат берушінің болғаны анық қой. Қай жерде? Кім ол? Бірінен соң бірі туындаған сұрақтарға жауап берем дегенше өзі де шатасып кеткен Абылайдың ойын кезекші бөлімдегі полицейдің қоңырауы бұзды.

– Жолдас полковник, ауруханадағы дәрігер хабарласты. «Ювелирдегі» жараланған күзетшіге ота жасамайтын болыпты. Оқ санды жанап өткендіктен, терісін ғана тігіпті. Егер тергеуші тілдесем десе рұқсат дейді.

Абылай кезекшіден шұғыл хабарлама болса, ұялы телефонға хабарласуды сұрап, Бекке жедел топты 8.30-да жинау керегін айтқан соң өзі ауруханаға бетке алды.

Есік аузында тұрған арнайы жасақ жігіттерін алыстан байқады. Екі-екіден 8 сағат сайын ауысып тұратындарын айтып, есеп берген жасақ жетекшісі Абылайдың құжаттарын тексеріп, палата есігін жайлап ашты. Оң жақ саны ақ дәкемен оралған күзетшіні көрген Абылай бағанадан бергі күдігінің қате екенін бірден түсінді. Жиырма жыл талай адамды тергеген тергеушінің жанары құдды сәуле секілді ғой. Жалт етіп бір қарағаннан-ақ алпысты алқымдаған азаматтың қулық-сұмдықтан ада, қылмысқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жан екенін болжаған Абылай куәлігін көрсетіп, төсекке жақын жайғасты.

– Әріптес, менің жиырма төрт жылым учаскелік инспектор болумен өтті. Зейнетке 47 жаста шыққан соң әр жерде күзетші болып қосымша нәпақа тауып жүрмін, – деген Жолдашбектің ұлты қырғыз, өзі қазаққа жиен боп шықты.

– Талғар аудандық полициясындағы жалғыз қырғыз мен едім, ондағы әріптестерден «қырғыз жиен» десең бәрі айтып береді, – деп жарқылдай сөйлеген Жолдашбек зергерлік дүкенге қатысты сауалда біраз ойланып қалды.

– Әбеке, ауруханаға әкелгелі бері сол жағдайды ойлап отырмын. Негізі мен ауысымға ертең түсуім керек. Әріптесімнің өтінішіне күдіктенейін десем, өзі өте момын, қақ-соқпен ісі жоқ адам. Бірақ енді баласы сотқардың сотқары. Биыл оқу басталғалы әкесінің шақшадай басын шарадай қылды. Соған қарап Есенді қылмысқа қатысы бар деп ойламаймын. Ал Әсел деген сатушы қыз да біздің басымызды қатерге тігетіндей қара ниетті қызға ұқсамайды.

– Қарақшылыққа қатысы болмағанымен, қылмыскерлердің қорқытуымен немесе бопсалауымен ақпарат беріп, іске жанама болсын қатысуы мүмкін ғой.

– Оныңыз рас, ондайларды да көрдік қой. Тек мына мақпал мінезді Мақпал қыздың көз алдымда көз жұмғанына әлі сене алмай отырмын. Жастайынан жетім өсіп, балалар үйінде тәрбиеленген қыз еді. Жақында ғана жиырмаға толғанын атап өткенбіз. Бейшара қыздың іздеп келер туысы да жоқ. Балалар үйінен бірге келе жатқан досымен бірге тұратын. Бір-біріне сүйеу боп жүрген қос мұңлық еді. Мына жағдайды естігенде не халде болды екен?!

– Кешегі оқиғаға дейін дүкенге келіп, ішкі жағдайды байқатпай шолып, «разведка» жасап жүрген ешкімді байқамадыңыз ба?

– Біз үш күнде бір рет ауысымға түсеміз ғой. Келіп кетіп жатқан адамнан арылмаймыз. Сондай бір күдікті адам көзіме түспепті.

– Ал дүкеннің қожайыны қандай адам? Оның әлдебір себеппен өз дүкенін өзі тонатуы мүмкін емес пе?

– Әбеке, сіздің барлық вариантты сүзгіден өткізетініңді біліп тұрмын. Дәл осы күдікке уақыт жоғалтпасаңыз болады. Өйткені, бұл дүкенді ашқан Жанна – кәсіпкер азаматтың жалғыз қызы. Мұның дүкеніне таласатын да, көз алартатын да ешкім жоқ. Керісінше әкесі мен екі ағасы Жаннаға көмектесіп, кәсібін аяғынан тік тұрғызу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр, – деген Жолдашбек рұқсат етсе ертерек ауруханадан шығып, Мақпалдың жерлеу рәсімін ұйымдастыруға қатысқысы келетінін айтты.

Бұл не десін, дәрігерлер рұқсат берсе қарсы болмайтынын айтып, арнайы жасақ басшысына күзетті алып тастауға болатынын жеткізді.

* * *

Ертесі келісілгендей таңғы сегіз жарымда жедел топты жинаған Абылай жігіттерді кезек-кезек тыңдады.

– Аудидің иесін таптым, Абылай Әзімханұлы, – деді Сырлан, – әуежай маңында тұратын зейнеткердің көлігі екен. Ол кісі тіпті көлігінің ұрланғанын да байқамаған. Мен түнделетіп есігін қаққанда ғана аула сыртында тұрған аудиін таппай дал болды. Көлік ұрланды-ау деген мөлшерден бергі камера жазбаларын шолып шықтым. Сонда ұққаным: мыналар камералардың қайсысы жазып, қайсысы істемейтінін жақсы біледі. Әрі көлікке міне салып нөмірін өзгертсе керек, назарымызға ештеңе ілінбеді.

Қайрат та зергерлік дүкен маңындағы коммерциялық нысандардың камерасын тексеріп, оқиға болған күнгі жазбаларды түгел алдыртып қарап шыққан екен.

Аружан МҰСАТАЕВА

(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6218 дана
Апталық таралым 12436 дана

Тапсырыс № 158 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31